Мың жасаған шаһардың шамшырағы

ALMATY AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №106 (6784) 13 қараша, жұма, 2026 жыл | www.aqshamnews.kz

12+

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 35 ЖЫЛ

29 қараша
МӘСЛИХАТТАР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫ

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:

@AQSHAMY_KZ

@AQSHAM_NEWS

9 772223 237006




Сурет: ЖИ

# ҒЫЛЫМНЫҢ БАСТЫ БАЗАСЫ

## Алматыда үздік ғылыми жобаларға 348 млн. теңге бөлінді

***Алматы қаласы еліміздегі ғылым мен білімнің ең үлкен базасы саналады. Мегаполисте 36 жоғары оқу орны, ғылыми ұйымдардың үштен бірі орналасқан. Сондай-ақ, отандық ғалымдардың 40 пайызы да осы қалада өзінің ғылыми жұмыстарымен айналысады. Қазір қала билігі шаһардың мұндай мол мүмкіндігін тиімді пайдалану және дамыту бағытында жүйелі жұмыстарды қолға алып отыр.***

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биыл 28 қазандағы Қазақстан халқына Жолдауында «Қазіргі заманның басты қуаты – білім мен ғылымда, озық инновацияларда» деп атап көрсетті. Президент айқындаған стратегиялық міндеттер аясында ғылымды дамыту, жасанды интеллект пен озық технологияларды кеңінен енгізу, жас зерттеушілердің әлеуетін арттыру айрықша маңызға ие. Қазақстанның жаңа халықтық Конституциясы бұған оңтайлы жол ашып отыр.

Қаламыздың өзінде бар мүмкіндіктерін пайдалануда шаһар басшылығы ғылыми қауымдастықпен ұдайы ашық диалогты жолға қойған. Әрі жас ғалымдарды ынталандыру бағытында ғылыми жобаларға гранттар да жарияланып келеді. Осы аптада сол ғылыми гранттар байқауы қорытындыланып, үздік жобалар қомақты мөлшерде қаржыландырылды.

Айта кету керек, соңғы уақытта елдегі ғылым саласында айтарлықтай серпіліс байқалуда. Саланы қаржыландыру көлемі, кадрлық әлеует және нақты жобаларды іске асыру көрсеткіштері рекордтық деңгейге жетіп отыр. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, елімізде бәсекеге қабілетті ғылыми орта қалыптастырып, озық инновацияларды өндіріске енгізу мемлекеттік саясаттың басым бағытына айналды.

Қаржыландыру динамикасына назар аударсақ, 2023 жылы ғылыми-зерттеу жұмыстарына 121,5 млрд. теңге бағытталса, 2025 жылы бұл көрсеткіш екі еседен аса өсіп, 260 млрд. теңгеге жетті. Бөлінген қаражат нақты экономикалық нәтиже бере бастады. Аяқталған қолданбалы зерттеулердің 35,8 пайызы өндіріс деңгейіне шығарылды.

Отандық ғалымдардың табысты жұмысы бұл сөзімізге айқын дәлел. Мәселен, Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің ғалымдары «Қазақмыс Прогресс» кәсіпорнының базасында тазалығы 99,5% құрайтын селен алып, нәтижесінде өнімнің қосымша құны 30%-дан 97%-ға дейін артты. Ал Nazarbayev University зерттеушілері литий-ионды аккумуляторларға қажетті шикізат алу технологиясын әзірледі, бұл жобаның әлеуетті нарығы 40 млрд. АҚШ долларына бағаланып отыр.

Саланың кадрлық құрамы да сапалық және сандық тұрғыдан жаңаруда. Еліміздегі ғылыми қызметкерлер саны 30%-ға өсіп, 28 374 адамға жетті. Жас ғалымдардың үлесі 2021 жылғы 35%-дан 2025 жылы 48%-ға дейін ұлғайып, зерттеушілердің орташа жасы 47-ден 44 жасқа дейін жасарды. Айта кетерлігі, отандық ғылым саласындағы мамандардың 56 пайызын әйелдер құрайды.

Мемлекет тарапынан ғалымдардың әлеуметтік жағдайын жақсарту мен бизнесті ғылымға тарту бағытында жүйелі шаралар қабылданды. Атап айтқанда, ғылыми дәреже үшін төленетін үстемақы мөлшері 17-ден 50 АЕК-ке дейін өсіп, 2025 жылы 271 зерттеуші баспанамен қамтылды (оның ішінде 79 пәтер тегін табысталды).

Алдағы уақытта елде ғылымды дамытудың жаңа стратегиясы әзірленбек. Бұл құжат ғылыми ізденістерді экономиканың сұранысымен ұштастырып, отандық технологияларды ілгерілетуге және зерттеу жұмыстарына жасанды интеллектіні енгізуге қолданбақ.

3-бет.

САРАП–ТІМЕ

# ЕЛ БІРЛІГІНІҢ НЕГІЗІ

## Қазақ тілін дамытудың жаңа міндеттері белгіленді

***10 қарашада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының X құрылтайына қатысты. Жиындағы сөзінде мемлекеттік тілді дамытудың басым бағыттарын белгілеп, қазақ тілін ғылымның, технологияның және өндірістің тіліне айналдыру, ұлттық цифрлық деректер қорын қалыптастыру, емле ережелерін жүйелеу және сапалы қазақша контентті көбейту міндеттерін белгіледі.***



Президент белгілеген міндеттерді орындауда, мемлекеттік тілдегі сапалы контент өндіру мен қолданыс аясын кеңейтуде Алматы қаласы сынды алып мегаполистің қоғамдық өмірі зор ықпал етеді. Сондықтан да аталған құрылтай барысындағы айқындалған басымдықтарды саралап жеткізуді жөн көрдік.

### Нақты сұраныспен өрістейді

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде ана тілі мәселесінің мемлекеттік, саяси және ұлттық маңызы бар екенін атап өтті. Оның айтуынша, қазақ тілі Тәуелсіздіктің нышаны ғана емес, ел бірлігінің негізгі тіректерінің бірі ретінде қабылдануға тиіс. Сондықтан мемлекеттік тілді дамыту қоғамды бөлетін емес, керісінше, ортақ мүддеге ұйыстыратын бағытта жүргізілуі қажет.

Осыған байланысты Президент қазақ тілінің дамуын өзге тілдерге қарсы қоюға болмайтынын айтты. Тіл мәселесін қоғамдық жанжалдың құралына айналдыру ел ішіндегі келісімге кері әсер етуі мүмкін. Сол себепті, қазақ тілін ең алдымен бірлік пен ынтымақ тілі ретінде дамыту ұсынылды. Бұл ұстаным мемлекеттік тілдің мәртебесін күшейту мен қоғамдағы өзара сыйластықты сақтаудың қатар жүруі керектігін көрсетеді.

Қазақ тілінің қоғамдағы орны біртіндеп нақты сұраныс арқылы да нығайып келеді. Мемлекет басшысы келтірген деректерге сәйкес, биыл мектеп табалдырығын аттаған балалардың 71 пайызы қазақ сыныптарына қабылданған. Былтыр жарық көрген алты мыңнан астам кітаптың 70 пайызы қазақ тілінде басылса, биыл елімізде түсірілген 71 фильмнің 63-і ана тілімізде жарыққа шыққан. Бұл көрсеткіштер қазақ тілінің білім беру саласында ғана емес, мәдениет пен креативті индустрияда да кеңінен қолданыла бастағанын аңғартады.

Дегенмен, тілді дамыту тек қазақ тіліндегі өнімдердің санын арттырумен шектелмеуге тиіс. Ендігі негізгі мәселе – олардың сапасын көтеріп, мемлекеттік тілдің кәсіби қолданыс аясын кеңейту. Осы тұрғыда Президент инженерия, медицина, құқық, экономика және ақпараттық технологияларды қазақ тілінде оқып-үйренуге қолайлы жағдай жасау қажеттігін атап өтті. Ол үшін сапалы оқулықтар мен оқу құралдарын әзірлеп, жоғары оқу орындарындағы қазақ тіліндегі ғылыми зерттеулерге басымдық беру керек.

Ғылым мен білімдегі бұл өзгерістер күнделікті ақпараттық кеңістікпен де ұштасуға тиіс. Өйткені, адамдар қай тілде ақпарат іздеп, білім алып, фильм көріп, цифрлық қызметтерді пайдаланса, сол тілдің қоғамдық әлеуеті арта түседі. Сондықтан ғылым, технология, кәсіпкерлік, мәдениет және спорт тақырыптарындағы қазақша өнімдерді көбейту маңызды. Балаларға арналған фильмдер мен ойындарды, сондай-ақ қазақ тілін өздігінен үйренуге мүмкіндік беретін IT өнімдерін әзірлеу де осы жұмыстың бір бөлігі болмақ.

### Цифрлық дәуірге бейімделеді

Сапалы контентті көбейту үшін, ең алдымен, қазақ тілінің берік цифрлық негізі болуы қажет. Осыған байланысты құрылтайда қазақ тілінің ұлттық цифрлық деректер қорын қалыптастыру міндеті қойылды. Қазір кітапханаларда, архивтер мен музейлерде сақталған кітаптардың, мерзімді басылымдардың, аудио және бейнежазбалардың елеулі бөлігі толық әрі сапалы цифрландырылмаған. Бұл мұраларды бірыңғай жүйеге көшіру олардың сақталуын ғана емес, ғылым мен жаңа технологияларда кеңінен пайдаланылуын да қамтамасыз етеді.

Мұндай деректер қоры әсіресе, жасанды интеллектіні дамыту үшін маңызды. Президенттің айтуынша, қазақ тілі жасанды интеллект жүйелеріндегі қолданыс аясы қарқынды кеңейіп келе жатқан тілдердің қатарына енген. Google компаниясы қазақ тілін Gemini тілдік моделіне енгізсе, бірқатар цифрлық сервистерде қазақ тілін пайдаланушылар саны артып келеді. Алайда, бұл бағыттағы ілгерілеуді жалғастыру үшін компьютерлік жүйелерге түсінікті, сапалы әрі көлемді тілдік деректер қажет.

Цифрлық қордың сапасы тілдегі бірізділікке де тікелей байланысты. Қазір кейбір сөздер мен ұғымдар әртүрлі нұсқада қолданылып жүр. Мұндай ала-құлалық күнделікті қолданыста түсінбеушілік туғызып қана қоймай, оқулықтарды, сөздіктерді және цифрлық жүйелерді әзірлеуге де кедергі келтіреді. Сондықтан Мемлекет басшысы емле ережелерін жүйелеп, орфографиялық сөздікті жаңарту жұмысын келесі жылдың соңына дейін аяқтауды тапсырды.

Сонымен бірге, тілдің сөздік қорын жаңарту барысында жасанды баламаларды шамадан тыс қолданбау қажеттігі айтылды. Президенттің пікірінше, жаңа сөздер тілдің табиғи заңдылықтарына сәйкес қалыптасып, қоғамға түсінікті болуы керек. Демек, бірізділік орнату қазақ тілін шектеу емес, керісінше, оны білімде, ғылымда және технологияда қолдануға ыңғайлы етуге бағытталмақ.

Осы жұмыстарды жүйелі жүргізу үшін кәсіби тіл мамандары, ғалымдар, сарапшылар және қоғам өкілдерінен арнайы жұмыс тобын құру ұсынылды. Оның қызметін Президент Әкімшілігі үйлестіреді. Жұмыс тобы тіл ғылымына қатысты барша қолжетімді цифрлық жүйе әзірлеу мәселесін де қарастырады.

Қазақ тілінің ішкі мүмкіндігін арттырумен қатар, оның халықаралық байланысын кеңейтуге де назар аударылмақ. Осы мақсатта қазақ тілін Біріккен Ұлттар Ұйымының негізгі ресми тілдерімен байланыстыратын екітілді және көптілді сөздіктер әзірлеу ұсынылды. Бұған қоса, қазақ-орыс тілдері сөздігін заман талабына сай жаңартып, барлық сөздіктің электрондық нұсқасын тұрақты толықтырып отыру қажет.

Жалпы, құрылтайда айтылған бастамалар мемлекеттік тіл саясатының жаңа кезеңге бет алғанын көрсетеді. Бұған дейін қазақ тілінің мәртебесін көтеру мен қолданылу аясын кеңейтуге басымдық берілсе, ендігі назар оның сапасына, ғылыми әлеуетіне және цифрлық инфрақұрылымына аударылып отыр. Яғни қазақ тілінің болашағы енді тек ұрандармен емес, нақты сұраныспен, сапалы білімімен, заманауи технологиямен және қоғам күнделікті пайдаланатын мазмұнды өнімдермен айқындалмақ.

**Пердехан ШӘМШИЕВ,**
**сарапшы.**
*(Сурет: Akorda.kz)*

ЖОЛДАУ ЖӘНЕ ЖҰРТШЫЛЫҚ

# Қоғамдық бақылаудың рөлі талқыланды

***Алматы қалалық Қоғамдық кеңесі Қазақстан Халық Кеңесінің мүшелерімен бірлесіп, жалпы жиналыс өткізді. Кездесуде Мемлекет басшысының Қазақстан халқына арнаған Жолдауында белгіленген міндеттерді жүзеге асыру жолдары, сондай-ақ осы үдерістегі қоғамдық бақылаудың рөлі талқыланды. Қатысушылар мемлекеттік бастамалардың орындалуына азаматтық қоғам институттарының қалай атсалыса алатыны жөнінде пікір алмасты.***



Қазақстан Халық кеңесінің мүшесі Мейіржан Отыншиев Жолдауда көтерілген әлеуметтік мәселелерге және алдағы жылы қолға алынатын ауқымды құрылыс жұмыстарына тоқталды.

*– Ұлттық қордан бөлінетін 6,5 трлн. теңге – үлкен қаражат. Сондықтан оның мақсатты әрі тиімді жұмсалуын бақылау маңызды. Алматыда да бірқатар ірі инфрақұрылымдық жоба жүзеге асырылып жатыр. Олардың қатарында LRT құрылысы, тау кластерін дамыту, «Медеу» мұз айдыны кешенін жаңғырту және жаңа стадион салу бар. Осындай жобалардың мәні мен маңызын тұрғындарға түсіндіруге күш саламыз,* – деді Мейіржан Отыншиев.

Сондай-ақ, ол Жолдауда ең төменгі жалақыны 85 мың теңгеден 110 мың теңгеге дейін көтеру мәселесі қозғалғанын еске салды. Бұл өзгеріс еліміздегі 1,8 млн. адамға, оның ішінде 370 мың мемлекеттік қызметшіге қатысты болмақ. Спикердің пікірінше, бұл бастама халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға ықпал етеді.

Қазақстан Халық кеңесінің мүшесі Алтынай Көбеева Қоғамдық кеңестердің негізгі міндеттерінің бірі мемлекеттік бағдарламалар мен Жолдауда белгіленген бастамалардың орындалуына қоғамдық бақылау жүргізу екенін жеткізді.

– Қоғамдық кеңестің басты миссиясы – тұрғындардың мүддесін қорғап, мемлекеттік шешімдердің қоғам сұранысына сай қабылдануына ықпал ету. Бұл міндет мемлекеттік органдар басшыларының есептерін тыңдау, қоғамдық мониторинг пен тыңдаулар өткізу, нормативтік-құқықтық актілерге қоғамдық сараптама жасау арқылы жүзеге асады. Әсіресе, қоғамдық сараптама маңызды әрі күрделі бағыттардың бірі саналады, – деді ол.

Алтынай Көбеева қоғамдық бақылау кезінде тек сандық көрсеткіштерге сүйену жеткіліксіз екенін де айтты. Жүзеге асқан жобалардың сапасы мен тұрғындардың нақты қажеттіліктеріне қаншалықты жауап беретініне басымдық берілуі керектігін тілге тиек етті.

Ал Қоғамдық кеңестің №6 комиссиясының төрағасы Зәуреш Аманжолова инклюзивті білім беру мен денсаулық сақтау саласындағы міндеттерге назар аударды. Ол тәуелсіздік жылдарында әлеуметтік салаға, әсіресе медицина мен білім беру жүйесіне айрықша көңіл бөлінгенін атап өтті. Оның мәліметінше, 2019 жылдан бері елде 1260 медициналық мекеме салынған. Ал биыл 70-ке жуық медициналық нысанның құрылысы жоспарланған. Бұдан бөлек, көпсалалы 7 балалар ауруханасын салу көзделген.

Зәуреш Аманжолова адам капиталын дамытуда медицинаның маңызы зор екенін айтып, денсаулық сақтау саласындағы мәселелерді жүйелі шешу қажеттігін жеткізді. Яғни медициналық инфрақұрылымды дамыту халыққа көрсетілетін қызметтің сапасын арттырумен қатар жүруі керек.

Жиын барысында қатысушылар Жолдауда белгіленген міндеттерді іске асыруда қоғамдық кеңестердің жауапкершілігі жоғары екеніне тоқталды. Сондай-ақ, Алматының даму басымдықтарына қатысты ұсыныстар ортаға салынып, оларды алдағы жұмыс жоспарына енгізу мәселесі қарастырылды.

**Дана САДЫРҚАН.**
*Сурет: С.ҚҰСАЙЫНОВ.*







# ҒЫЛЫМНЫҢ БАСТЫ БАЗАСЫ

## Алматыда үздік ғылыми жобаларға 348 млн. теңге бөлінді

***Достық үйінде Алматы қаласы әкімдігі жанындағы Ғылым және технологиялар кеңесінің отырысы өтті. Іс-шараға Алматы қаласы әкімінің орынбасары Абзал Нүкенов, Президент жанындағы Ұлттық ғылым академиясының вице-президенті Абай Серікқанов, Жастар саясаты басқармасының басшысы Азиз Қажденбек, сондай-ақ ғылым және бизнес өкілдері қатысты.***

Кездесу барысында ғылыми қауымдастықпен ортақ жұмыстың нәтижелері ортаға салынып, 2027 жылға арналған жоспарлар және ғылыми әзірлемелерді қалалық инфрақұрылымға енгізу мүмкіндіктері талқыланды. Өз сөзінде Абзал Нүкенов қазір Алматыда еліміздің ең ірі ғылыми базасы қалыптасқанын атап өтті. Оның айтуынша, мегаполисте 131 ғылыми-зерттеу ұйымы, 36 жоғары оқу орны, сондай-ақ зертханалар, инженерлік және ғылыми зерттеу орталықтарының дамыған желісі бар.

– Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Қазақстан халқына Жолдауында ғылымға, инновация мен технология бағытына аса мән беру керек екенін айтты. Оның аясында ретінде Президент тапсырмасына сәйкес күрделі жұмыстар жүргізілуде. Соңғы екі жылда елімізде ғылымды қаржыландыру көлемі 3 есе артып, 261,5 млрд. теңге болды. Бұл – ғылым бағытына жасалып жатқан үлкен инвестиция. Жаңадан қабылданған Конституцияда да ғылымға ерекше көңіл бөлінді. Елімізде шетелдік зерттеуші жоғары оқу орындарының 33 филиалы ашылған. Оның екеуі Алматыда орналасқан. Алматы – елдің ғылыми және зерттеу орталығы, қаламызда университеттер, ғылыми-зерттеу институттары, Ұлттық ғылым академиясы шоғырланған, – деді қала әкімінің орынбасары.

Сонымен қатар, қала әкімдігінің бастамасымен ұйымдастырылған ғылыми гранттар конкурсының жеңімпаздары марапатталады. Конкурс қорытындысы бойынша 23 жобаға жалпы 348 млн. теңге бөлінді. Жеңімпаздар қатарында жер сілкінісін ерте анықтау, ауаның ластануын бақылау, жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыру, қала инфрақұрылымын дамыту және жасанды интеллектіні енгізуге бағытталған жобалар бар.

Ғылымды дамыту және инновацияны енгізу жұмыстары аясында мұндай байқау алғаш рет ұйымдастырылды. Байқауға барлығы 229 өтінім түскен. Алдын ала іріктеуден кейін 191 жоба келесі кезеңге өтті. Қатысушылар бес апталық акселерациялық бағдарламадан өтіп, жобасын жетілдіріп, сарапшылар комиссиясының алдында қорғады. Соның нәтижесінде 23 ғылыми әзірлеме қаржыландыруға ие болды. Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының басшысы Азиз Қажденбек конкурста жобалардың ғылыми жаңалығына, практикалық маңыздылығына және коммерциялық әлеуетіне ерекше назар аударылғанын айтты. Жеңімпаздарды қалалық мәслихат депутаттары, ҚР Ұлттық ғылым академиясының өкілдері, ғылыми қауымдастық пен қоғам өкілдері қатысқан конкурстық комиссия анықтады.

Қаржыландыруға ие болған жобалар 7 басым бағытты қамтыды. Оның ішінде экология, су және климат бағытындағы 8 жобаға 116,6 млн. теңге, энергия тиімділігі бағытындағы 1 жобаға 16,8 млн. теңге, қауіпсіздік және төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі 2 жобаға 26,1 млн. теңге және денсаулық сақтауға бағытталған 3 жобаға 32,6 млн. теңге қарастырылды. Бұдан бөлек, қалалық орта, көлік және инфрақұрылымның 6 жобасына 79,4 млн. теңге, әлеуметтік саясат, білім беру және жастар бағытының 3 жобасына 28,5 млн. теңге берілді. Жеңімпаз жобалардың бірінде – қаланы көгалдандыруға арналған экологиялық таза, әсері ұзаққа созылатын препараттар әзірленді. Ал тағы бір жоба аллергенді өсімдіктерді бақылауға бағытталған. Оның көмегімен өсімдіктердің тозаң тарату кезеңдері анықталып, тұрғындарға аллергия қаупі туралы хабарланады. Ғылыми әзірлемелерді қолдау Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың ғылымды дамыту және инновацияны экономикаға енгізу жөніндегі тапсырмалары аясында жүзеге асырылып отыр.

Айта кетейік, ғылыми қауымдастық, мемлекеттік органдар мен сарапшылар өкілдерінің басын қосқан Ғылым және технологиялар жөніндегі кеңес Алматы қаласы әкімдігі жанынан 2024 жылы құрылған.

**Досбол АТАЖАН.**
*Сурет: Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.*




# Жас ғалымдар бас қосты

***Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясында III Халықаралық жас ғалымдар конгресі өтті. Ғылыми әлеуетті нығайтуға және халықаралық зерттеу ынтымақтастығын дамытуға бағытталған басқосу Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 35 жылдығына және Ұлттық ғылым академиясының 80 жылдық мерейтойына арналды.***

Конгрестің басты бағдары – ғылыми буындар сабақтастығын жалғау, ұлттық мектептерді сақтау және дамыту, сондай-ақ ел ғылымының болашағын қалыптастырудағы жас ғалымдардың рөлін арттыру.

Іс-шара аясында «Ai for science: Ғылыми жаңалықтардың жаңа дәуірі» атты пленарлық форум өтті. Онда жасанды интеллект технологияларын ғылыми зерттеулерде қолдану, сондай-ақ оның ғылымның түрлі салаларын дамытуға беретін мүмкіндіктері талқыланды. Сонымен қатар, жас ғалымдар мен зерттеушілердің заманауи ғылыми-инновациялық көрмесі ұйымдастырылды. Мұнда жас зерттеушілердің ғылыми ізденістерінің нәтижелері, жаңа технологиялық шешімдері мен практикалық маңызы бар жобалары таныстырылды. Конгресс аясында Ұлттық ғылым академиясының «Қазақ ғылымының үміті» арнайы сыйлығы да табысталды.

Ұлттық ғылым академиясының вице-президенті Асқар Жұмаділдаевтың айтуынша, 1946 жылы Қаныш Сәтбаевтың бастамасымен іргесі қаланған бұл орда отандық ғылым, өнеркәсіп пен білім беру саласының дамуына өлшеусіз үлес қосты. Ал бүгінде академияның мемлекеттік мәртебесінің қайтарылуы мен жас зерттеушілерге жасалған қолдау елдің ғылыми әлеуетін арттыруға тың серпін беріп отыр.

*«Жас ғалымдар ізденімпаз, тың идеясы да мол. Міне, бүгін Алматыға түрлі елден зерттеушілер жиналды. Мұндай халықаралық басқосулар жаңа тәсілдерді меңгеріп, тәжірибе алмасуға және ортақ бағыттарды айқындауға мүмкіндік береді»*, – деді Асқар Жұмаділдаев.

*Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.*

# IT саласында ұстаздар да үздік атанды

***ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE базасында техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының IT бағыты бойынша педагогтері арасында республикалық кәсіби шеберлік байқауы өтті.***

Қатысушылар «1С платформасында бизнес-процестерді автоматтандыру» және «Компьютерлік ойындарға арналған 3D-модельдеу» құзыреттіліктері бойынша сынға түсті.

Жұмыстар WorldSkills International халықаралық стандарттарына негізделген талаптар бойынша бағаланды. «Компьютерлік ойындарға арналған 3D-модельдеу» құзыреттілігі бойынша бас сарапшы Жансая Бақытбекова тапсырмаларды орындау кезінде әрбір техникалық талапты ескерудің маңыздылығын атап өтті. Оның айтуынша, файлды дұрыс форматта сақтамау сияқты ұсақ кемшіліктердің өзі нәтижеге әсер етуі мүмкін. Сарапшылар қатысушылардың сурет салу дағдылары мен арнайы бағдарламаларды меңгеру деңгейіне де назар аударды.

*– Барлық педагогтің тәжірибесі мол. Көпшілігі 3D-модельдеу бойынша байқауларға бұған дейін де қатысқан. Баршаңызға сәттілік тілеймін,* – деді Жансая Бақытбекова.

Байқау жүлдегерлерінің қатарында ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE өндірістік оқыту шебері Жұлдыз Ермекқызы да бар. Ол «Компьютерлік ойындарға арналған 3D-модельдеу» құзыреттілігі бойынша екінші орын иеленді. Педагог байқауға бір айға жуық дайындалған. Студенттерге практикалық білім берумен қатар, өзі де 3D-модельдеуге арналған жаңа бағдарламаларды меңгеріп жүр. Жұлдыз Ермекқызының айтуынша, байқау кәсіби шеберлігін сынаумен қатар, әріптестерімен тәжірибе алмасуға мүмкіндік берген.

*– Мен үшін ең маңыздысы – тәжірибе алмасу. Әр оқытушының өзіндік жұмыс тәсілі бар. Сондықтан басқа өңірлерден келген әріптестерімнің кәсіби міндеттерді қалай шешетінін білу қызықты,* – дейді күміс жүлдегер.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, байқау педагогтердің біліктілігін арттырып, оқытудың заманауи әдістерін таратуға бағытталған. Мұндай сайыстар оқытушылардың практикалық дағдыларын жетілдіруге, IT саласындағы жаңалықтарды меңгеруге және болашақ мамандарды даярлау сапасын арттыруға ықпал етеді.

**Гүлжанат СЕМБАВА.**





АГРОӨНЕРКӘСІП

# ДӘННЕН НАНҒА ДЕЙІН...

## Елде астық өнімі молайды

***Нан – дастарқанымызға оңай келе салатын ас емес. Дәннен нанға дейінгі үлкен үдерісте диқанның маңдай тері, диірменші мен наубайшының еселі еңбегі жатыр. Астықты алқап – Қазақстан үшін нан өндірісі агроөнеркәсіптік кешеннің маңызды саласы саналады. Ұлттық статистика бюросының дерегінше, үш айда елдегі әр азамат орта есеппен 6 келі нан тұтынған. Бұл – тәулігіне 100 грамм нан өнімін жегенмен тең.***



Отандық кәсіпорындар тұтынушы сұранысына қарай өнім түрлерін кеңейтіп, күнделікті тұтынуға арналған нан-тоқаштармен қатар, ұзақ сақталатын тағамдарды, ұннан жасалатын кондитерлік өнімдер өндірісін жолға қоюда.

Өңдеу өнеркәсібінің әлеуетін арттыру мақсатында мемлекет тарапынан да бірқатар қолдау шаралары қарастырылған. Мәселен, Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021–2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы аясында жылына кемінде 2 мың тонна нан-тоқаш және кондитерлік өнім өндіретін кәсіпорындардың инвестициялық шығындарының 25%-ы өтеледі.

Алматының да нан өндірісі халықты азық-түлікпен тұрақты қамтамасыз етуде маңызды орын алады. Ірі зауыттар мен заманауи наубайхана кешендері мегаполис тұрғындарын ас атасымен қамту үшін бірнеше ауысымда дамылсыз жұмыс істейді.

Қаладағы осы саланың жетекші кәсіпорындары қатарында «Ақсай нан» комбинаты мен «Алматынан» ЖШС бар. Өндіріс орындары заманауи автоматтандырылған желілермен жабдықталған. Мәселен, «Ақсай нан» комбинаты тәулігіне 150 тоннаға жуық нан-тоқаш өнімдерін шығаруға қауқарлы. Мұндай өндірістік қуат қаланы күнделікті қажетті өніммен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұған қоса, Алматының Индустриялық аймағы мен шағын өнеркәсіптік парктерде ашылған жаңа цехтар да саладағы өндіріс көлемін ұлғайтуға ықпал етіп отыр.

Бүгінде нан зауыттарындағы өндіріс үдерісі заманауи технологияларға негізделген. Әрине, диірменнен шыққан ұн бірден өндіріске жеткізілмейді. Алдымен қамыр илеу, ашыту, пісіру және дайын өнімді қаптауға дейінгі кезеңдердің біразы қазір автоматтандырылған желілер арқылы жүзеге асады. Ал бұл өндіріс қарқынын арттырып, өнім сапасы мен санитариялық талаптардың сақталуында да айтарлықтай көмегі зор.

Қазір Алматыда нан өнімдері нарығындағы бәсекелестік те күшейіп келеді. Жеке наубайханалар мен супермаркеттер өздерінің өндіріс орындарын көбейтіп, тапсырыс берушінің үйіне жеткізуге күш салуда. Ал зауыттар түнгі және таңғы ауысыммен жұмыс істеп, таңғы сағат алтыға дейін мыңдаған сауда нүктесіне жаңа піскен өнім жеткізеді.

Заманауи технологиялар өндірісті біршама жеңілдеткенімен, наубайшыларсыз жұмыс өнбейді. Алматылық қызметкерлер күніне 12 сағат жұмыс істеп, тәулігіне мыңнан астам бөлке нан пісіреді.

«Осы зауытта жұмыс істеп жүргеніме екі жылдай болды. Қазір бізде 60-тан аса нан мен тоқаштың түрі шығарылады. Бабына келген қамыр пешке жөнелтіліп, піскен бойда ыстықтай мектеп асханаларына, ауруханалар мен әскери бөлімдерге таратылады. Бүгінде зауыт сұрыпталымы тек дәстүрлі ақ және қара нанмен шектелмейді. Мұнда ашытқылы және ашытқысыз өнімдермен қатар, ұйытқы мен сарысу негізіндегі, қарақұмық пен сәбіз қосылған, тіпті глютенсіз нан түрлері де өндіріледі. Жұмысымыз тынымсыз, таң атпай қала тұрғындарының дастарханына балғын нан жетуі үшін бірнеше ауысыммен үздіксіз еңбек етеміз», – дейді нан зауытының наубайшысы Нұргүл Нұрбекқызы.

***Гүлжанат СЕМБАЕВА.***
*(Сурет: ЖИ).*

ЖЕТІСУ АУДАНЫ

# Бос аумақ алаңға айналды

***Алматының Жетісу ауданында 0,2 гектар бос жатқан аумақ көркейтіліп, демалыс және спорт алаңы ашылды.***

Аудан аумағындағы Петровский көшесі маңында бұрын бос жатқан жер енді футбол алаңы, балалар ойын алаңдары мен спорттық жаттығу құрылғылары бар жаңа қоғамдық кеңістікке айналып отыр. Аумағы 0,7 гектарға жуық жер «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында көркейтілді. Бұл аумаққа тұрғындар үшін бес балалар ойын кешені, төрт көше тренажері, воркаут алаңы мен үстел теннисі орнатылды.



Сонымен қатар, демалуға арналған пергола қойылды. Жұмыс барысында 330 шаршы метрден астам жерге резеңке жабын, 380 шаршы метр аумаққа брусчатка төселіп, 100 шаршы метрден астам жерге асфальт жабындысы төселді. Аумақта орындықтар мен қоқыс жәшіктері де бар. Жаңа алаң негізінен жеке тұрғын үйлер орналасқан аумақта ашылды. Бұған дейін бұл маңда мұндай орындар жеткіліксіз болатын.

Бүгінде Жетісу ауданында «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы бойынша көркейтуге бағытталған 25 жоба жүзеге асырылып, оның 18-і аяқталды, ал қалған жетеуінде жұмыс жалғасып жатыр. Аудан басшылығының мәліметінше, аталмыш жобаларды қарашаның соңына дейін аяқтау жоспарланып отыр.

МЕДЕУ АУДАНЫ

# 24 үйдің қасбеті жаңартылды

***Алматыда үйлердің қасбетін жаңарту жұмыстары жалғасып жатыр. Медеу ауданында биыл үйлердің қасбетін қайта жаңғырту және жаңарту бағдарламасы аясында 54 үйде жұмыс жүргізу жоспарланған. Бүгінде соның 24-інде жұмыс толық аяқталды.***

Жаңартылған нысандардың қатарында Сәтбаев көшесі, 6 мекенжайындағы тұрғын үй де бар. Жұмыс барысында үйдің қасбеті сыланып, сырланды. Сонымен қатар, әктас (Limestone) пен граниттен сәндік әрлеу жұмыстары жүргізілді.



Ғимараттың сәулеттік ерекшелігін айқындап, кешкі уақытта оған заманауи әрі көрікті келбет беру үшін жарықтандыруға да ерекше көңіл бөлінді. Бұл жұмыстар үйлердің сәулеттік келбетін жақсартуға, көшелердің көркін арттыруға және қала тұрғындары үшін жайлы орта қалыптастыруға бағытталған.

**Рая ЕСКЕНДІР.**

# МЕН УӘДЕ БЕРЕМІН!



***Қазір жергілікті Мәслихат сайлауы алдындағы үгіт жұмыстары жүргізілуде. Бұл кезеңде, сайлау заңнамасының талаптарына сай, барлық кандидаттар мен саяси партиялар үшін тең жағдайды, сайлау науқанының ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету аса маңызды болмақ. Бұған дейін де Алматы қаласының Алатау және Әуезов аудандары аумағын қамтитын №03 бірмандаттық аумақтың сайлау округі бойынша Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттығына кандидат болып түскен тәжірибеме сүйене отырып, қаламыздың Мәслихат сайлауындағы саяси додаға түскелі отырмын.***

Осы орайда «Заң мен тәртіп» қағидатын берік ұстана отырып, халық пен билік арасында алтын көпір болу менің басты ұстанымым екенін сайлаушыларыма жеткізгім келеді.

Қаланың жанашыр азаматы ретінде емханалардағы ақ халатты абзал жандардың әлеуметтік жағдайы менің басты назарымда болмақ. Бұдан тыс, «Мәдениет», «Саялы», «Рахат» шағынаудандарында жеміс-жидек сақтау қоймаларын салу және халықты жұмыспен қамтуға мүмкіндік жарату мәселесін жіті назарға аламын. Ерекше санаттағы 02 округтың тұрғындарын қарым-қабілеттеріне қарай, қоғамға пайдалы еңбекпен қамтамасыз етуге ықпал ететін боламын.

Еліміздің ең ірі мегаполисі ретінде Алматының болашағы бүгінгіден де зор екені даусыз. Ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін меңгерген өндіруші ұлт қана толыққанды басымдықтарға ие болады. Елдегі басты оқу орындарының басым көпшілігі де Алматыда орналасқан. Сондықтан қаладағы оқу орындарының бірінде мегаполистің болашағын дамытуды айқындайтын арнайы факультет ашу керек деп санаймын. Сонымен қатар, қаладағы және қалаға қатынап оқитын оқушылар арасындағы алшақтықты жою мәселесін тұрақты түрде қолға алу керек деп есептеймін. Әрі бұл бағыттағы мәселені оң шешу үшін бар күш-жігерімді жұмсауға әзірмін.

Бүгінде еліміздегі жоғары оқу орындары жанында әлемге белгілі университеттердің филиалдары ашылып жатыр. Бұл – құптарлық қадам. Елімізде адам капиталын дамытуға баса мән беріліп келеді. Бұл күнде ешқандай шикізатқа сүйенбей-ақ ғылым-технологияны дамыту арқылы мол табыс табуға болатынын көріп отырмыз.

Шетелдердегі көптеген қалалардың даму динамикасын зерделей отырып, қала және оның агломерациясының өзара қарым-қатынасын дамытуда бірқатар озық тәжірибелерді енгізу керек деп санаймын. Қала мен оның айналасындағы елдімекендердің даму платформасы көп шаблонды. Сондықтан әр елдімекеннің даму ерекшеліктерінде айырмашылықтар болуы заңды. Әлемнің көптеген елдерінде халық қаланың орталық бөлігінен сыртқы аймақтарға көшуге бейімділік танытуда. Мұны да ескерген абзал. Бүгінде қала мен округ арасындағы қатынаста әлі де шешілмеген күрделі мәселелер бар. Қалалық мәслихат депутаты ретінде сайлансам, осы мәселелерді шешу жолында бар қабілетімді жұмсауға дайынмын. Әрі тұрғындармен тоқсан сайын кездесу өткізіп, олардың талап-тілектерін депутаттық жұмысымның басты бағыты етемін.

Қала халқының ұдайы дамуы үшін ауқымды міндеттерді сапалы әрі жедел іске асыру кезек күттірмейтін мәселе. Сондықтан округ тұрғындары толыққанды әлеуметтік инфрақұрылыммен қамтылуы да маңызды. Әрі бұл халықтың тұрмыс сапасын көтерудің маңызды шарты. Осы орайда барлық тәжірибем мен күшімді инфрақұрылым құру ісіне арнайтын боламын. Округ тұрғындарының жайлы өмір сүруі үшін барынша қажыр-қайратымды жұмсауға әзірмін.

Қуатты қалалар қуатты аймақтардың, ал қуатты аймақтар дамыған мемлекеттің негізгі қазығын бекітеді. Сондықтан әрбір елдімекеннің болашақтағы ұзақ мерзімді даму жоспары болуы тиіс. Осыларды ескере отырып, халықтың еңбек табысын ұлғайтуды, көлік жүргізушілер мен жолаушы тасымалдаушылардың заңды құқығын қорғауды, оңалту орталықтарын салуға ықпал етіп, таза су және кәріз жүйесін ретке келтіруді, сондай-ақ, жастар орталығын ашуды қолға алатын боламын.

Маған сеніңіз, сайлаушы! Мен уәде беремін!

***Дарменов Бакыткали Жанасовичтің сайлау қорының қаражатынан төленді. Тапсырыс беруші: Бакыткали ДАРМЕНОВ.***

«ЗАҢ МЕН ТӘРТІП»

# Тұрғындар өтініші аяқсыз қалмауы тиіс

***Алматыда жыл басынан бері мемлекеттік органдардың жұмысын талдау нәтижесінде Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс (ӘРПК) нормалары 37 мыңнан астам бұзылғаны анықталған. Заңбұзушылықтардың басым бөлігі азаматтардың өтініштерін үстірт қарау, жауап беру мерзімдерін кешіктіру және олардың пікірін ескермеуге қатысты.***

***Осы мәселелер Алматы әкімдігінде өткен арнайы семинарда талқыланды. Іс-шараға әкімдіктің құрылымдық бөлімшелері мен оған қарасты ұйымдардың қызметкерлері, сондай-ақ прокуратура, әділет органдары және сот жүйесінің өкілдері қатысты.***



Жиынды Алматы қаласы әкімінің аппарат басшысы Ерлан Исабеков жүргізіп, азаматтардың өтініштеріне формалды жауап берумен шектелмей, көтерілген мәселені нақты шешудің маңызын атап өтті. Оның айтуынша, соңғы бес жылда тұрақты түсіндіру жұмыстары жүргізілгенімен, мемлекеттік органдар тәжірибесінде әлі де олқылықтар кездеседі.

ҚР Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті қалалық департаменті бастығының орынбасары Мейірбек Баймолдаевтың мәліметінше, биылғы он айда Алматыда тіркелген өтініштер саны өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, 22%-ға артқан. Былтыр осы уақытта 409 мыңға жуық өтініш қабылданса, биыл бұл көрсеткіш 500 мыңға жуықтаған.

Тұрғындардың өтініштері негізінен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, құрылыс, көлік, экология және білім беру салаларына қатысты. Сонымен қатар, бір мәселе бойынша қайта жүгінетін азаматтар да аз емес. Бұған көбіне алғашқы өтінішке толық жауап берілмеуі және мәселені шешуге бағытталған шаралардың уақытылы қабылданбауы себеп.



Талдау барысында өтініштерді үстірт қарау, заңда белгіленген мерзімдерді бұзу, құзыретті мекемеге негізсіз жолдау және азаматтарды тыңдау рәсімін сақтамау деректері анықталған. Атап айтқанда, тыңдау рәсімін өткізбеген 3639 жағдай, өтініштерді тиісті деңгейде қарастырмаған 1879 дерек және формалды жауап берудің шамамен, 2,5 мың фактісі тіркелген. Сондай-ақ, өтініштерді мемлекеттік органдар арасында негізсіз қайта жолдаудың 987 жағдайы анықталған.

Семинарда бұған нақты мысал да келтірілді. Биыл 17 маусымда Жер қатынастары басқармасына түскен өтініш Сәулет басқармасына тек 3 тамызда жолданған. Ал заңнамаға сәйкес, өтініш құзыретті органға үш жұмыс күні ішінде берілуі тиіс. Кейбір мекемелер мәселені түпкілікті шешудің орнына аралық жауаппен шектеліп, өтінішті қарау жұмысын аяқсыз қалдырған.

Басқосуда Алматы қаласы Әділет департаментінің әкімшілік практика жөніндегі аумақтық бөлімінің басшысы, аға сот орындаушысы Лаура Абуова ӘРПК-ні қолданудың практикалық ерекшеліктерін түсіндірсе, қалалық мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы Ұлан Қажыкен әкімшілік істерді қарау тәжірибесіне тоқталды.

Жиын соңында қатысушылар нақты жұмыс жағдайларына қатысты сұрақтарын қойып, мамандардан кеңес алды. Семинардың мақсаты – мемлекеттік органдардың өтініштермен жұмыс істеу сапасын арттырып, азаматтардың талап-тілектерін заң аясында әрі уақытылы қарауды қамтамасыз ету. Өйткені, өтінішке жауап беру – міндеттің бір бөлігі ғана. Ең бастысы – тұрғын көтерген мәселенің шешімін табу.

*Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.*

***Соңғы жылдары балалар арасында оқыс оқиғалар жиі кездесетін болды. Бұл ретте қоғамды алаңдатып отырған өзекті мәселеге сіз бен біз де немқұрайлы қарамауымыз керек. Сондықтан биылғы қолданысқа енгізіле бастаған сабақтардың дені де балалардың түрлі өмірлік жағдайларда дұрыс әрекет етуге қажетті практикалық дағдыларын қалыптастыруға және жеке қауіпсіздікке жауапкершілікпен қарауын дамытуға бағытталып отыр.***

# Басты орында – бала қауіпсіздігі

Қолданысқа енген сабақтар балабақшадан бастап, колледжге дейін білім берудің барлық деңгейін қамтып, қолданысқа енген қауіпсіздік сабақтары 2023–2025 жылдарға арналған балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттылығын қамтамасыз ету жөніндегі кешенді жоспар аясында енгізілді.

Ең бастысы – баланың жас ерекшелігіне сәйкес әр бөлікке бөлініп, арнайы блок әзірленген. Мәселен, балабақшада жедел қызмет нөмірлерін білу, ойын және демалыс алаңдарындағы қауіпсіздік ережелерін сақтау. Бастауыш сыныптарда судағы және мұздағы қауіпсіздік, бейтаныс адамдармен кездескенде өзін ұстау, қаңғыбас иттерден қорғану дағдыларын сақтау. Орта буын сыныптары үшін буллинг пен кибербуллинг, қауіпті интернет-әуестенулер, бейтаныс адам ұсыныстарынан бас тарту, өз іс-әрекетіне жауапкершілікті қалыптастыру.

Ал жоғары сыныптар мен колледждер үшін қаржылық сауаттылық, алаяқтардан қорғану, онлайн-ойындардағы тәуекелдер, еңбек қауіпсіздігі, өз құқықтары мен міндеттерін білу, жеке әрекеттері үшін жауапкершілік көрсетілген. Қазіргі таңда бұл сабақтар әр аптада сынып сағаты аясында 10 минуттан өткізіліп отырады. Бағдарламаны іске асыру барысында педагогтер мен психологтарға арналған кеңестер мен вебинарлар ұйымдастырылып, сондай-ақ полиция, ТЖМ және денсаулық сақтау өкілдері тартылған.

**Әзірлеген**
**Рая ЕСКЕНДІР.**

А.ҚАРСАҚБАЕВ – 100

# ҚАЗАҚ КИНОСЫНЫҢ ҚҰЛАГЕРІ

***Қазақстан Республикасының Ұлттық орталық музейінде қазақ киносының көрнекті өкілі, әйгілі кинорежиссер Абдолла Қарсақбаевтың туғанына 100 жыл толуына орай көрме ашылды.***



Абдолла Қарсақбаев – қазақ киносының дамуына өлшеусіз үлес қосқан, ұлттық экран өнерінің көркемдік көкжиегін кеңейткен бірегей тұлға. Оның шығармашылығы қазақ халқының рухани құндылықтарын, ұлттық болмысын, бала жүрегінің тазалығын және адамгершілік қасиеттерін терең бейнелеуімен ерекшеленеді.

Режиссердің шедевр туындыларының бірі – «Менің атым Қожа» фильмі ұлттық кинематографиямыздың алтын қорына ғана емес, әлемдік балалар киносының классикасына енді. Атап өткен жөн, бұл туынды 1967 жылы Францияның Канн қаласында өткен халықаралық кинофестивальде жоғары бағаланып, Құрметті дипломға ие болды. Бұл қазақ киносының тарихында халықаралық аренада мойындалған тұңғыш маңызды жетістіктердің бірі еді.

Халықаралық ЮНЕСКО ұйымының аясында ашылған «Абдолла Қарсақбаев – қазақ киносының құлагері» атты көрмеде режиссердің музей қорында сақталған құнды жәдігерлері ұсынылды. Олардың қатарында автордың қолтаңбасы қойылған киносценарийлері, қазақ киносының алтын қорына енген туындылардың түсірілім сәттерін бейнелейтін фотосуреттері, сондай-ақ түсірілім алаңында үнемі өзімен бірге алып жүрген жеке заттары – секундомер мен тақиясы бар.

Салтанатты іс-шарада режиссердің бауыры Дәулет Жарасбаев, қоғам қайраткері, «Қазақ әлемі» қоғамдық бірлестігінің вице-президенті Бақытжан Сертеков және келіні Майра Науқанова сөз сөйлеп, естеліктерін бөлісті.

«Қазақ киносы тарихында жүз жылдық мерейтойы ЮНЕСКО көлемінде тұңғыш рет тойланып жатқан тұлға – кинорежиссер Абдолла Қарсақбаев. Бұл кісі өмірді де, өнерді де, өзін көтерген халқын да риясыз сүйіп өткен адам. Сондықтан да осындай құрметке лайық деп ойлаймыз. Абдолла Қарсақбаев түсірген фильмдер әлемдік деңгейге шығып, халықаралық дәрежедегі жүлделер иеленген. Қазақ киносының алтын қорына өшпестей жазылып қалған өміршең картиналарын бүгінгі буын да көріп жүр. Оның тарихи деректер мен дәйектерге құрылған деректі фильмдерінің өзі бір төбе. Әрине, бұл біз үшін үлкен мақтаныш», – дейді Абдолла Қарсақбаевтың келіні Майра Науқанова.

Сондай-ақ, салтанатты кеште режиссердің шығармашылық мұрасы ұрпақ тәрбиесіне, ұлттық мәдениетті дәріптеуге және өнерге деген құрметті қалыптастыруға қызмет ететін асыл қазына екенін атап өтілді.

Іс-шара бағдарламасында Нұрғиса Тілендиев атындағы «Отырар сазы» фольклорлы-этнографиялық халық аспаптар оркестрі өнер көрсетіп, А.Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған республикалық қазақ мамандандырылған музыкалық мектеп-интернатының оқушылары әйгілі «Менің атым Қожа», «Алты жасар Алпамыс» фильмдерінде шырқалған әндерді әуелетті.

Абдолла Қарсақбаевтың 100 жылдық мерейтойы – тек бір тұлғаның шығармашылық жолын еске алу ғана емес, сонымен қатар қазақ киносының тарихына үңіліп, ұлттық өнердің құндылығын ұғынатын маңызды мәдени оқиға. Оның экранда қалдырған ізі мен рухани мұрасы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, қазақ киносының шежіресінде мәңгі сақталады.

**Нұржамал ӘЛІШ.**
*Сурет: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.*

Б.ТӘЖІБАЕВ – 100

# СӨЗ БЕН САЗДЫҢ «АҚБҰЛАҒЫ»

***Қазақтың рухани әлемінде өшпес із қалдырған өнер иелері аз емес. Солардың қатарында ақын, драматург, әнші әрі сазгер Бәкір Тәжібаевтың есімі ерекше аталады. Әсте, сегіз қырлы, бір сырлы деген тәмсіл осындай өнерпаз жандарға арналатын болса керек. Өйткені, Бәкір Тәжібаев өлең мен әнді егіз өрген, ұлттық өнердің дамуына елеулі үлес қосқан, шығармалары арқылы халық жүрегінен орын алған көрнекті тұлға.***



### Өнерге бастаған өмір жолы

Бәкір Төлеуұлы 1926 жылы 15 мамырда Ақтөбе облысының Байғанин ауданындағы Ақбұлақ ауылында дүниеге келген. Туған жердің табиғаты мен қазақы тұрмыс-тіршілігі, елдің салт-дәстүрі мен халықтың рухани байлығы болашақ қаламгердің шығармашылық болмысының қалыптасуына ықпал етті.

Ол жастайынан білімге, өнерге құштар болып, Темір педагогикалық училищесінде білім алғаннан кейін аудандық газет редакциясында қызмет атқарды. Кейін Алматыдағы театр-сурет училищесінің киноактерлік бөлімін тәмамдап, Жамбыл және Шымкент облыстық драма театрларында актер болып еңбек етті. Театр сахнасындағы қызметі Бәкір Тәжібаевтың өнерге деген сүйіспеншілігін тереңдете түсті. Сахнада түрлі кейіпкерлердің бейнесін сомдай жүріп, сөз құдіретін, ән мен әуеннің адам жанына әсерін терең түсінді.

Осылайша оның ақындық, әншілік және сазгерлік қырлары бір арнада тоғысты. Ол 1958 жылдан бастап Абай атындағы Қазақ опера және балет театрында әдеби бөлімді басқарып, кейін Алматы облыстық халық шығармашылығы үйінде және Қазақ театр қоғамында қызмет атқарды. Бір басына бірнеше өнер қонған дарын 1974 жылдан бастап шығармашылық жұмысқа ден қойды. Оның шығармашылығының дәуірлеген тұсы да осы кезең.

### Жүректен шыққан әндер

Бәкір Тәжібаевтың есімін халыққа кеңінен танытқан басты мұралары – оның сезімді тербеген әуенді әндері. Ақын-сазгердің шығармашылығында туған жерге деген сүйіспеншілік, махаббат, достық, адамгершілік пен өмірге құштарлық тақырыптары кеңінен көрініс тапты. Мәселен, ақынның «Ақбұлақ», «Жас дәурен», «Гүлсің-ау», «Әппағым-ау, әппағым» секілді әндері халық жүрегіне жол тауып, осы күні де тыңдарманның сүйікті шығармаларына айналды. Ал Роза Рымбаеваны өнер көгіне қалықтатып, әндердің Әлиясы атанған «Әлия» әні қазақ музыкасының алтын қорынан орын алды.

Бәкір Тәжібаев шығармаларының басты ерекшелігі – сөз бен саздың өз жанынан қатар өрілуі, әрі табиғи үйлесуі. Тәжібаев шығармаларынан ұлттық нақыш пен шынайы сезім аңғарылады. Бұл күнде оның әндері қазақ даласынан асып, шетелдерде тұратын қандастарымыздың арасында да кең тарады. Ақын туған жердің қадірін, жастық шақтың жалынды сезімін, адамның ішкі толғанысын әсерлі жеткізе білді. Сондықтан оның әндері уақыт өткен сайын мәнін жоғалтпай, жаңа орындаушылардың репертуарынан орын алып келеді.

### Драматургиядағы дара қолтаңба

Бәкір Тәжібаев қазақ драматургиясының дамуына да үлес қосты. Мәселен, оның «Сал-сері – қыз Қосан», «Ана жүрегі», «Ақтау әні» секілді пьесалары театр сахналарында қойылды. Бұл туындыларында адам тағдыры, қоғам өмірі, ұлттық мінез бен рухани құндылықтар көрініс тапты.

Қаламгердің шығармашылық мұрасындағы маңызды еңбектердің бірі композитор Еркеғали Рахмадиевтің «Қамар сұлу» операсына жазған либреттосы. Бұл жұмыс Бәкір Тәжібаевтың әдеби талғамын, драмалық тартысты өрбіте білу қабілетін және музыка өнерімен терең байланысын танытады. Сонымен қатар, ол бірнеше жыр жинағын, прозалық шығармалар мен өнер адамдары туралы очерктер жазды. «Балбұлақ», «Ән-дәурен», «Жүріп келем», «Дала жолдары», «Жыр-жолаушы» секілді кітаптары ақынның шығармашылық ізденісінің кеңдігін көрсетеді.

### Ғасырды сазбен тербеген...

Өнердің өз өкілі Бәкір Тәжібаев 1994 жылы 8 қарашада Алматы қаласында дүниеден өтті. Артында қалған рухани мұрасы халық жадында сақталып, қазақ өнерінің ажырамас бөлігіне айналды.

Биыл ақынның туғанына 100 жыл толып отыр. Туған жерінде асқақ ескерткіш орнатылып, Тәжібаев айлығы кеңінен тойланып жатыр. Өйткені, бір ғасыр аз уақыт емес. Бұл – оның шығармашылық жолын қайта зерделеп, ұлт мәдениетіне сіңірген еңбегін жас ұрпаққа кеңінен танытудың маңызды кезеңі. Мерейтой қаламгердің әндерін жаңғыртып, өлеңдерін насихаттауға, шығармаларын зерттеуге жаңа серпін беруге тиіс. Алматы қаласының Түрксіб ауданындағы №211 мектеп-гимназиясында да Бәкір Тәжібаевтың 100 жылдығына арналған іс-шара өтіп, онда ұлттық рухты дәріптеудегі ақын шығармашылығының орны туралы тағылымды ойларымен бөлісті.

Мектеп басшысы Айшан Тойбекқызы әдебиет, музыка және театр өнерінің өзара байланысы туралы әңгімелеп, оқушылардың орындауындағы «Сал сері – қыз Қосан» драмалық көрінісі көрермен назарына ұсынылды. Ал «Ән болып қалған ғұмыр» атты бөлімде ақынның әндері шырқалып, естеліктер айтылды. Семинар аясында педагогтер Бәкір Тәжібаев шығармашылығын оқыту тәжірибелерімен бөлісіп, әдістемелік пікір алмасты. Мұндай тағылымды кездесулер ұстаздардың кәсіби тәжірибесін байытып, оқушылардың ұлттық әдебиетке, мәдениетке және өнерге деген қызығушылығын арттыруға ықпал етеді.

Осы тұрғыдан алғанда, Бәкір Тәжібаевтың шығармалары уақыт сынынан өткен рухани қазына болып қала береді. Оның әндері адамға туған жерін еске салып, жүрекке жылылық ұялатады, ал өлеңдері өмірдің қадірін ұғындырады.

Ән мен жырды өмірінің өзегіне айналдырған Бәкір Тәжібаевтың есімі қазақ мәдениетінің тарихында мәңгі сақталады. Оның мұрасы – кейінгі ұрпаққа аманат, ал шығармашылығы ұлттық руханияттың сарқылмас бұлағы.

**Рая ЕСКЕНДІР.**

МЕРЕЙ



***Қазақ поэзиясының көгінде өзіндік үнімен, сыршыл жырларымен жарқыраған көрнекті ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның халық жазушысы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Барыс», «Парасат» және «Құрмет» ордендерінің иегері, Алматы қаласының Құрметті азаматы Марфуға Айтқожа – 90 жаста.***

# Жыр аққуы

## Марфуға Айтқожа – 90 жаста

Ақынның мерейлі жасы Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен «Алатау» дәстүрлі өнер театрында «Жыр аққуы – Марфуға» атты әдеби-сазды кешпен ұлықталды. Қаламгердің табиғатымен үйлескен әдемі де әсерлі, сырлы да сезімге толы кешке ақын-жазушылар, өнер қайраткерлері мен зиялы қауым өкілдері қатысты. Жырсүйер жастар да көптеп бой көрсетті. Салтанатты кеш басталмас бұрын жиналған қауым театр фойесіне қойылған қаламгердің шығармашылығын паш ететін көрмені тамашалады.

Шымылдығы дирижер Жексен Айсынның жетекшілігімен Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптары оркестрінің сүйемелдеуімен ашылған әдеби кешке қатысқан Алматы қаласы әкімінің орынбасары Абзал Нүкенов Марфуға Айтқожа шығармаларының шынайылығымен, адам тағдыры туралы терең толғаныстарымен ерекшеленетінін, сондай-ақ туындыларының ұлттық құндылықтарға қызмет етудің үлгісіне айналғанын, ал поэзиясы ақынның азаматтық ұстанымын айқын танытатынын атап өтті.

«Халқымыздың әдеби шежіресінде айшықты қолтаңба қалдырған сіздің есіміңіз бүгінде бірнеше буын оқырманның ықыласына бөленген. Сонау 60-жылдары «Балқұрақ» жинағымен басталған шығармашылық сапарыңыз арқылы қазақтың көркем сөз өнеріндегі өнегелі жолыңыз қалыптасып, талай тағылымды жыр тудырдыңыз. Тіршіліктің әр сәтін бағалап, қуанышты сәттерін жырлаған сіз үшін поэзия жүрек сыры ғана емес, халықпен сырласудың жолы, сол арқылы көпті рухтандырудың кені деп білеміз. Шығармаларыңыз әлемнің көптеген тіліне аударылып, қазақ өлеңінің құдіретін халықаралық дәрежеде танытты. Сол өлшеусіз еңбегіңіз, Алматының әдеби ортасы мен мәдени өміріне қосқан үлесіңіз қаламгерлік мұраңыздың қадірін арттыра түседі. Сізге зор денсаулық, отбасыңызға амандық, бақыт тілейміз», – деді Абзал Нүкенұлы сахна төрінде.



Қазақстан Жазушылар одағы төрағасының орынбасары Ғалым Қалибекұлы да Марфуға Айтқожа есімінің қазақ әдебиетінің тарихында айрықша орын алатынын, шығармалары ұлттық поэзияның алтын қорына еніп, бірнеше буын үшін рухани бағдарға айналғанын, сондай-ақ қоғамның рухани құндылықтарын нығайтуға зор үлес қосып келе жатқанын жеткізді.

Марфуға Ғалиқызы Қытай Халық Республикасының Шыңжаң өлкесіндегі Құлжа қаласында дүниеге келген. 1958 жылы тарихи Отанына оралып, әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетінде білім алған. Кейін әдебиет саласында жемісті еңбек етіп, қазақ поэзиясының өркендеуіне өзіндік үлесін қосты. Ақынның алғашқы «Балқұрақ» атты жыр жинағы 1962 жылы жарық көрді. Одан кейін «Аққуым менің», «Қаракөз айым», «Баянжүрек», «Ақ бесігім», «Сағыныш сазы» секілді көптеген өлеңдер жинағы оқырман қауымның ыстық ықыласына бөленді.

Марфуға Айтқожа жырлары – туған жерге деген сағыныштың, анаға деген құрметтің, махаббат пен адамгершіліктің, сұлулық пен нәзіктіктің көркем көрінісі. Оның поэзиясынан ұлттық болмыс пен қазақы рух, жүрекке жақын сезімдер айқын аңғарылады. Ақынның шығармалары оқырманды ізгілікке, елін сүюге, туған жерін қадірлеуге үндейді.

Тоқсан жылдық мерейтойға арналған әдеби-сазды кеште ақынның өнегелі өмір жолы мен шығармашылық мұрасы кеңінен таныстырылып, өлеңдері оқылды. Қазақстанның халық әртісі Шахимардан Әбілов бастаған Махмұд Тойкенов, Гүлзат Дәуірбаева, Әділет Жексенбі, Тілеубек Қожанұлы, Еркін Шүкіман, Қабылаш Әбікейұлы, Нұрсұлтан Сабыров сынды өнер майталмандары әннен шашу шашты. Сондай-ақ, сахнада сөзін де, сазын да Марфуға ақын жазған өлеңдер әуеледі.

Бағдарламадағы ерекше қойылымдардың бірі белгілі театр және кино актері Болат Әбділманов орындаған «Абай аманаты» монологы болды. Ал «Алатау» дәстүрлі өнер театрының әртістері «Аққу жүрек» атты поэзиялық композиция ұсынды.

Әдеби-сазды кештің ең бір ғажап сәті сол, өмірін өлеңмен өрген, тоқсанның төріне шығып отырған аяулы Марфуға Айтқожа «Таңырқама ақ шашыма», «Қына басқан қарағай», «Олжас құрдасыма», «Сен мені ұмыттың ба?», «Бір уыс топырақ» секілді шоқтығы биік өлеңдерін жырын сүйген оқырмандарына сергек һәм бекзат қалпында өзі оқып берді.

Мұндай тағылымды іс-шаралардың маңызы зор. Өйткені, ақын мұрасын ұлықтау – ұлттық әдебиетімізді ұлықтау, рухани құндылықтарымызды дәріптеу. Марфуға Айтқожаның жырлары ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, оқырман жүрегінен мәңгілік орын ала бермек.

Құшағы гүлге толған Марфуға Айтқожа кеш соңында мерейін тасытқан зал толы оқырман-көрерменіне, Алматы қаласының әкімдігіне, өнер көрсеткен әртістерге жүрекжарды алғысын, ыстық ықыласын білдірді.

**Нұржамал ӘЛІШ.**
*Сурет: Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.*

МӘДЕНИ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

# ҰЛЫ ДАЛАҒА ЖОЛ ТАРТҚАН КӨРМЕ

***Алматы галереясында түрік суретшісі, акварель кескіндемесінің шебері Ахмет Өгретеннің «Су жолы: Босфордан Ұлы далаға дейін» атты халықаралық көрмесі ашылды.***

Мәдени іс-шара Алматы қаласы әкімдігі мен Түркия Республикасының Алматы қаласындағы Бас консулдығының қолдауымен ұйымдастырылды. Көрме экспозициясына түркі әлемінің бай мәдениеті мен тарихи мұрасын бейнелейтін 54 туынды қойылған.

Өнер – халықтар арасындағы жақындық пен мәдени сабақтастықты сөзсіз жеткізіп, халықтарды жақындастыратын айрықша тіл. Ахмет Өгретен еңбектерінде Босфор жағалауынан Ұлы далаға дейінгі кеңістікті қамтып, екі ел арасындағы рухани байланысты шебер баяндайды. Суретші акварель техникасы арқылы жарық пен түстің нәзік үйлесімін жеткізіп, дәстүрлі шығыс өнері – эбру элементтерін де шығармашылығында кеңінен қолданыпты.

«Түркияның көркем табиғатын, тарихи орындарын және бай мәдени мұрасын тамашалауға мүмкіндік алып отырмыз. Осы орайда көрменің ұйымдастырылуына қолдау көрсеткен Түркия Республикасының Алматы қаласындағы Бас консулдығына және көрме авторы Ахмет Өгретен мырзаға Алматы қаласының әкімдігі атынан шынайы алғысымды білдіремін», – деді көрменің ашылуында сөз алған Алматы қаласы Мәдениет басқармасы басшысының орынбасары Арман Халбеков.

Жұмыстарының бір бөлігін «Көктеріміз» сериясына біріктірген суретші Ахмет Өгретен Алматыдағы көрме үшін бірнеше туынды арнаған.

«Ыстамбұлға, Анадолыға және Ұлы далаға арналған туындыларым бар. «Көктеріміз» сериясы да осы көрменің бір бөлігі. Көрменің атауын «Босфордан Ұлы далаға дейін» деп алуымның себебі – мен Босфор жағалауында тұрамын. Сондықтан бұл сапар мен үшін туған мекенімнен Ұлы далаға қарай жасалған ерекше шығармашылық жол болды. Осы тақырыпты зерттеу барысында көп нәрсе үйрендім, тарихи орындарды өз көзіммен көруге мүмкіндік алдым. Қазақстанға үшінші рет келіп отырмын. Ортақ мәдениетімізге қатысты жерлерді көру мен үшін үлкен бақыт», – дейді түрік суретшісі.

Көрмені Алматыда өткізуінің де өзіндік мәні бар екен. Суретші Алматыны Қазақстанның тарихи әрі мәдени маңызы зор қаласы деп санайды. Сондықтан осы шаһарға келіп, тынысын сезіну ерекше әсер қалдырған.

«Туындыларымда түркі халықтарына ортақ мәдениетті, ата-бабаларымыз өмір сүрген тарихи кезеңдерді бейнелеуге тырыстым. Ол уақытты өзім көрген жоқпын, әрине. Бірақ зерттеп, сол мұраны танып-білуге күш салдым. 2025 жылы халықаралық фестивальге қонақ ретінде шақырылып, Астанадағы Ұлттық музейді аралау мүмкіндігіне ие болдым. Бұл сапар да мен үшін есте қаларлық оқиға болды», – дейді Ахмет Өгретен.



Айта кетейік, көрме 22 қарашаға дейін жалғасады. Бұл Алматы галереясында ұйымдастырылып отырған үшінші халықаралық көрме. Бұған дейін Өзбекстан мен Қырғызстан суретшілерінің көрмелері өткен болатын.

**Гүлжанат СЕМБАЕВА.**









# ЕЛ СПОРТЫНЫҢ ОРТАЛЫҒЫ

***Жақында бірнеше спорт түрінен өткен Қазақстан чемпионаттарында Алматы қаласының құрамалары жалпыкомандалық есепте бірінші орын алды. Оның қатарында бокс, таэквондо және су добынан жарыс бар. Бұл мегаполистің кәсіби спорттағы әлеуетін көрсетіп, елдегі спорттық орталық ретіндегі дәрежесін дәлелдеді.***




Алматыда кәсіби ғана емес, бұқаралық спорт та қарқынды дамып келеді. Шаһарда 955 мың тұрғын спортпен тұрақты түрде айналысады. Қаладағы тегін жобалар, марафондар мен өзге де бұқаралық спорттық іс-шаралар 100 мыңнан астам қатысушыны қамтыған. Бұдан бөлек, тұрғындардың үйіне жақын жерде жаттығуына мүмкіндік беруге бағытталған жұмыстар атқарылып жатыр. Бүгінде қала халқының 44 пайызы дене шынықтырумен және спортпен тұрақты айналысады.

Мегаполисте «Спорт – достық алаңы» және «Almaty Move» тегін жобалары жұмыс істейді. Жүгіру мен велоспортқа қызығатын тұрғындар үшін «Бірлік жүгірісі», «Almaty Marathon», «Almaty Glow Ride 2026», «Gran Fondo», «Cycle Fest», «Winter Run» және «Медеу» баспалдақтарымен жүгіру секілді іс-шаралар өткізіледі. Студенттер лигасы мен «Балалар футбол лигасы» жобалары да жүзеге асырылып жатыр. Студенттер лигасында 35-тен астам жоғары оқу орнының 1300-ден астам студенті футбол, волейбол және баскетболдан бақ сынады. Ал «Балалар футбол лигасы» 320 команда мен 8 мыңнан астам баланы қамтиды.

Алматыда спорттың 81 түрі дамытылып келеді, оның 32-сі олимпиадалық бағдарламаға кіреді. Қалалық спорт басқармасына қарасты 16 мекемеде 17 мың спортшы жаттығады. Бұл мекемелер жас таланттарды анықтап, олардың шеберлігін шыңдауға және ұлттық құрамаға спортшылар даярлауға мүмкіндік береді. Мүгедектігі бар адамдарға арналған «Алматы» спорт клубында 756 спортшы жаттығады. Спорттың 23 түрі бойынша61 жаттықтырушы жұмыс істейді. Клуб спортшылары республикалық және халықаралық жарыстарға қатысады.

Алматыда 3638 спорт нысаны бар. Қалада жаңа кешендер салынып, қолданыстағы нысандар жаңартылып жатыр. Ірі жобалардың қатарында 45 мың орынды жаңа стадион, «Медеу» мұз айдыны кешенін жаңғырту және ауданы 22 мың шаршы метрден асатын гимнастика орталығының құрылысы бар. Бір ауысымда 312 адамды қабылдауға арналған «Авиатор» спорт кешені де салынып жатыр. №9 олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебінде жаңарту жұмыстары аяқталды. Нысан ашылуға дайын. Одан бөлек, қалада мүгедектігі бар адамдарға арналған жаңа спорт кешені салынып жатыр. Ол бір ауысымда 100 адамды қабылдауға есептелген. Кешенде бассейндер, әмбебап спорт залы, емдік дене шынықтыру және тренажер залдары болады. Нысан мүгедектігі бар адамдардың қажеттіліктеріне бейімделеді.

Спорт инфрақұрылымын дамыту үшін 8 инвестициялық жоба қарастырылған. Олардың қатарында баскетбол, теннис және паделмен айналысуға арналған нысандар, көпфункционалды спорт кешендері мен паралимпиадалық жаттығу орталығы бар.

Қалада 10 мың спортшы медициналық сүйемелдеумен қамтылған. Мамандар олардың денсаулығын бақылап, жаттығу жүктемесін дұрыс жоспарлауға және жарақаттан кейін қалпына келуіне көмектеседі. Trinity орталығында 350 спортшы оңалтудан өткен. Тегін жаттығулар мен бұқаралық жарыстар тұрғындарды спортқа тартса, спорт мектептері, жаңа кешендер және медициналық сүйемелдеу спортшылардың тұрақты дайындалуына жағдай жасайды.

*Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.*

# «ҚАЙРАТ» үшін маусым әлі аяқталмады

***Қазақстан Премьер-лигасының 2026 жылғы маусымы аяқталды. Өзге командалар енді демалысқа аттанса, ел біріншілігінде 2-орын алған алматылық ұжым үшін маусым әлі біткен жоқ.***



Биыл ел чемпионы соңғы турдың алдында-ақ белгілі болды. 29-турда Қобыланды батыр атындағы стадионда өткен «Қайрат» пен «Ақтөбе» арасындағы матч 2:2 есебімен аяқталды. Алматылық ойыншылар арасында Азамат Тұяқбаев пен Марк Гуаль гол соқты. Қарсы тараптан Оджо мен Пасториста көзге түсті. Бұл ойында «Қайрат» пен «Ақтөбе» ойнаса да, жеңіс «Ордабасыға» бұйырды. Турнирлік кестеде өзінен кейін келе жатқан алматылық ұжымнан ұпай саны бойынша басымдық алған шымкенттік команда чемпион атанды.

Бұл ойыннан кейін «Қайрат» үшін тағы да бір маңызды өзгеріс болды. Бас бапкер Рафаэль Уразбахтин өз еркімен қызметінен кетуге шешім қабылдады. Ол бұл қызметке 2024 жылғы қыркүйекте кіріскен болатын. 2 жыл уақыт ішінде Уразбахтин командамен екі чемпиондық титул (2024, 2025), Қазақстан Суперкубогын (2025) жеңді және клуб тарихында алғаш рет УЕФА Чемпиондар лигасының жалпы кезеңіне жолдама алды.

Бас бапкердің міндетін атқарушы болып бұған дейін «Қайрат-Жастар» командасын басқарған Жора Арутюнян тағайындалды. Оның жетекшілігімен алматылықтар чемпионаттағы соңғы матчын өткізді. 30-турда «Қайрат» өз алаңында «Алтайды» қабылдап, 1:1 есебімен тең түсті. Нәтижесінде «сары-қаралар» ел біріншілігінің күміс жүлдегері атанса, маңызды ұпай алған өскемендіктер Премьер-лигадағы орнын сақтап қалды.

Маусым қорытындысы бойынша Қазақстан футбол федерациясы екінші жыл қатарынан KFF Awards 2026 салтанатты марапаттау рәсімін өткізді. Алматылықтар қатарынан Александр Мартынович марапатқа ие болды, ол – жылдың «Үздік қорғаушысы» атанды. Ал «Қайрат-Жастар» сапындағы жұмысы үшін Жора Арутюнян Бірінші лиганың «Үздік бапкері» атанды. «Сары-қаралар» осы маусымдағы 30 матчта 60 гол соғып, өз қақпасына 23 гол жіберді. Осылайша гол айырмасы бойынша (+37) чемпионаттың үздік көрсеткішін тіркеді. Жалпы Премьер-лига матчтарында «Қайрат» сапында 28 футболшы өнер көрсетті, олардың 15-і – клуб академиясының түлектері.

Осымен өзге футболшылар үшін маусым аяқталса да, алматылықтар УЕФА Конференциялар лигасындағы жолын жалғастырып жатыр. Италияның Бергамо қаласында өткізген соңғы кездесуінде «Қайрат» бүкіл Еуропаға танымал азулы «Аталантамен» тең ойнады. 53-минутта Марк Гуаль есеп ашып, қазақстандық команданы алға шығарды. 82-минутта Никола Крстович гол соғып, италиялықтарға ұпай сыйлады. Жора Арутюнян жетекшілік ететін команда бүгінде Конференциялар лигасының кестесінде 2 ұпаймен 27-орында тұр. Енді «Қайрат» өз алаңында 26 қарашада «Мьельбю», 10 желтоқсанда «Университатя Крайова» командаларын қабылдайды. Еурожарыстағы шешуші матчты 18 желтоқсанда «Твентеге» қарсы сырт алаңда өткізеді.

**Бетті әзірлеген**
**Досбол АТАЖАН.**

МӘСЕЛЕ

# ҚАЗІРГІ БАЛА НЕГЕ ЕТ ЖЕМЕЙДІ?

***«Қазіргі балаларға не болған, аузына ет алмайды», «Ет тұрмақ, тамақ жегізе алмайсың. Баяғыда бала күнімізде атамыздың тізесінде отырып алып сүйек те мүжуші едік», «Малдың құлағын, тілін, көзін таласып жейтінбіз. Етте қаншама дәрумен бар» дейтін ата-ана аз емес. Осы тақырып төңірегінде №8 қалалық емхананың педиатр-дәрігері Анаркүл ЖАРҚЫНБАЕВАМЕН сұхбаттасқан болатынбыз.***



**– Анаркүл Тынысбекқызы, қазіргі балалардың арасында ет жемейтіндерінің көбейгені рас па? Бұған не себеп? Бұл баланың талғамына, психологиялық ерекшелігіне байланысты ма, әлде ағзасындағы қандай да бір өзгерістің белгісі емес пе?**

– Иә, «Баланың алдына қойған асты талғап жеуі қалыпты ма?», «Мүлдем ет жемейді. Неге?» деген сұрақтарды пациенттерімізден жиі естиміз. Бұны бірден ауру деп ойлау дұрыс емес. Оның бірнеше себебі бар. Біріншіден, ол баланың талғамы мен даму ерекшеліктеріне байланысты. Сәбиде бір жарым жастан алты жасқа дейінгі аралықта болатын неофобия кезеңі бар. Бұл уақытта ол жаңа, қатты, шайнауды қажет ететін тағамдардан бас тартуы мүмкін. Оған, әрине, ет тағамдары жатады. Еттің құрылымы жағынан қаттырақ болатынын білесіздер. Өзіндік иісі бар, шайнауға келгенде қиындау. Сондықтан бала оны қауіпті деп қабылдауы ықтимал.

Сонымен қатар, баланың сенсорлық сезімталдығы жоғары болуы мүмкін. Ол етті көргенде, оның ішіндегі талшықтарды, сіңірлерді байқаса, әрине, ұнатпай, жегісі келмей қалады. Тағы бір себеп бар. Ол – ағзадағы қоректік заттардың тапшылығы. Кейбіреулер темір тапшылығы бар балалар ет жемейді деп ойлайды. Бірақ ет жеуден бөлек, балада мұз, ағаш, қамыр жеу сияқты әдеттер де байқалуы мүмкін. Осындай кезеңде әртүрлі тапшылықтары бар балалар кездеседі.

Тағы бір ерекшелік асқазан-ішек жүйесінің жұмысына байланысты болуы да ғажап емес. Кейбір балаларда ферменттердің жеткіліксіздігінен етті қорыту қиындайды. Сондықтан етті ауыр тағам ретінде қабылдайды. Одан бөлек, ішек аурулары бар: дисбиоз, лямблиоз. Мұндай кезде де баланың тәбеті төмендеп, ет тағамдарына деген қызығушылығы төмендейді.

**– Баланы ет жеуге мәжбүрлеу дұрыс па? Еттен бас тартқан баланың тәбетін ашып, дұрыс тамақтануға үйретудің қандай жолдары бар?**

– Мәжбүрлеуге болмайды. Өйткен сайын баланың миында етке деген жағымсыз көзқарас күшейе бастайды. Егер етті күштеп жегізсеңіз, миында етке байланысты жағымсыз ассоциация, стресс қалыптаса бастайды. Сол кезде балада құсу рефлексі де күшеюі мүмкін. Немесе бала бір рет етке қақалса, шашалса, онда да еттен қорқу сезімі пайда болуы ықтимал.

Сондықтан менің беретін кеңесім: бірінші, тағам дайындағанда етін кесек-кесек етіп емес, ұсақтау турау керек. Мәселен, асты фаршқа әзірлеп, оны әртүрлі формада, яғни фрикадельке, тефтели, котлет түрінде дайындауға болады. Әрі формасын шағындау еткен дұрыс. Сонда бала тағамның өзгерген формасын ұнатуы мүмкін. Одан бөлек, егер балаңыз тағамға қатысты өте сезімтал болса, онда екеулеп, бірге тамақ дайындаған дұрыс. Мәселен, «балам, бүгін бірге тамақ жасайық» деп, оны қасыңызға алып, бірге котлет жасауға болады. Одан кейін таңдауды да тек өзіңіз ғана емес, баламен бірге жасау керек. Яғни «жейсің бе, әлде қаламай тұрсың ба?» деп, бірге отырып таңдаған абзал.

**– Бала ет жемесе, міндетті түрде дәрігерге қаралып, қан талдауын тапсыру қажет пе?**

– Тәжірибемнен бір мысал келтірейін. Кезекті қабылдауыма бір ана келіп, ұлының ет тағамдарын мүлдем жемейтінін айтты. Анализ қорытындылары баланың даму қалпы, денсаулығы жақсы екенін көрсетіп тұрды. Әйелдің одан басқа екі баласы бар, екеуі де балабақшаға барады. Декретте үйде отырған анаға мен өз кеңесімді бердім. Яғни үйде қолын боста, әлгінде айтып өткенімдей, балалармен бірге тамақ жасап, еттен түрлі форма жасауды ұсындым.

Мен айтқан әдісті қолданған әйел көп ұзамай рахметін айтып келді. Яғни мұндағы ананың қателігі – бұрын тамақты тек өзі, үлкендер жеу үшін жасағандығы, өзі жеген тамақты балаларына ұсынғанында екен. Менің кеңесімнен кейін бүлдіршіндерді ас мәзіріне араластырып, олардың талғамына сай ас әзірлей бастаған. Бұл – балаларды етке деген психологиялық дайындау әрі тәбетін ашатын әдіс.

Тағы бір айтарым, ата-әжесі бар болса, арасында ұзақ мерзімге жіберіп тұру керек. Кейбір аналар балаларды қариялардан оқшаулауға тырысады. Бұл да менің тәжірибемде кездескен жағдай.

Біреуге ұнауы, біреуге ұнамауы мүмкін, бірақ ата-әже баланың дамуына, өсуіне үлес қосқаны өте керемет деп ойлаймын. Себебі, ата-әжесінің қасында өскен бала, біріншіден, мейірімді болып келеді. Екіншіден, тамақ жеуді, тамақты қалай жеу керектігін жақсы меңгереді. Сонымен қатар, сөйлеу қабілеті де жақсы дамуы мүмкін.

Көбіміз «ата-әжесі баланы тым еркелетіп жібереді, олар көп тәтті береді» деп ойлайды. Әрине, тәттіні көп жейтін баланың тамақтану тәртібі бұзыла бастайды. Мұны да түсінемін. Бірақ мен бұған сәл басқаша қараймын. Әрине, балаға тәтті тағамдар беруге болады. Бірақ қалыпты мөлшерде беру керек. Сонда бала басқа тағамдарды да қалыпты түрде жей алады.

**– Жалпы, ата-ана қай кезде алаңдауы керек?**

– Осы ретте тағы бір айтайын дегенім, баланың ет тағамынан бас тарту себебін ғана қарастырып қоймай, оның жалпы тамақтануын да ескеру керек. Еттің орнын басқа тағамдармен толықтыру қажет. Бұл да маңызды.

Ал енді баланың жалпы жағдайына назар аударыңыздар. Егер бала белсенді болса, салмақ қосып жатса, бұл – жақсы белгі. Бірақ бала тамақтану әдетін өзгертпесе, әсіресе, ет тағамдарын жемесе, оған да назар аудару қажет. Және де бала салмақ қоспай қалса, өсу қарқыны баяуласа, міндетті түрде дәрігерге қаралу керек. Тексеруден өтіп, қажетті анализдерді тапсырып, витаминдер мен темір тапшылығына қатысты талдауларды тапсыру аса маңызды.

**– Сұхбатыңызға рахмет!**

**Сұхбаттасқан Нұржамал ӘЛІШ.**

МӘМС



# Тегін көмекті кімдер ала алады?

***Қазақстанда балалардың стоматологиялық көмекті тегін алуына заңмен кепілдік берілген. Бұл мүмкіндік МӘМС жүйесі аясында жүзеге асырылады.***

Алматы қаласындағы №21 қалалық емхана мамандарының түсіндіруінше, МӘМС бойынша стоматологиялық көмек жоспарлы және шұғыл түрде көрсетіледі.

Стоматологиялық көмек көрсету бөлімінің меңгерушісі, дәрігер-стоматолог Әсем Тойбаеваның айтуынша, тегін жоспарлы көмекті 18 жасқа дейінгі балалар мен жүкті әйелдер ала алады.

Ал шұғыл стоматологиялық көмек аталған санаттардан бөлек, ҰОС ардагерлеріне, I, II және III топтағы мүгедектігі бар адамдарға, «Алтын алқа» және «Күміс алқа» иегерлеріне, атаулы әлеуметтік көмек алушыларға, зейнеткерлерге, сондай-ақ заңнамада белгіленген басқа да әлеуметтік осал топтарға көрсетіледі.

Шұғыл көмек тіс қатты ауырғанда, қабыну кезінде, жарақат алғанда және жедел медициналық араласуды қажет ететін өзге де жағдайларда ұсынылады.

Мамандар алғашқы белгілер байқалған сәттен бастап стоматологқа қаралуға кеңес береді. Уақытылы тексеріліп, ем қабылдау асқынудың алдын алып, ауыз қуысының саулығын сақтауға көмектеседі.

**Гүлжанат СЕМБАЕВА.**

ЖОБА

# Дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі

***Халқымызда «Ауру – астан» деген тәмсілдің де текке айтылмағаны белгілі. Өйткені, адам ағзасы үшін дұрыс тамақтанудың алар орны ерекше. Осыған орай, қалалық Білім басқармасы мен «Қалалық ғылыми-әдістемелік технологиялар орталығы» бірлесіп, «Көкөніс айы» атты білім беру бағдарламасын қолға алған болатын.***

Бағдарлама мектеп оқушыларының дұрыс тамақтануға деген қызығушылығын қалыптастырып, оң бағыт беріп отыр. Қоғамның қолдауына ие болған бастама «Bonduelle» компаниясының «Талғамға талас бар» атты әлеуметтік бастамасының бір бөлігі болып табылады.

Нақты мәліметтерге жүгінсек, Қазақстандағы әрбір бесінші бастауыш сынып оқушысы артық салмақтан зардап шегетін көрінеді. Негізінен, оқушының дұрыс тамақтанбауы бала кезден қалыптасып, ол өмір бойы сақталып қалатыны анық. Сондықтан осы мәселенің алдын алу үшін, кәсіби әдіскерлер мен нутрициологтар арнайы «Көкөніс айы» бағдарламасын әзірледі.

Бұл мектеп оқушыларының тамақтануын жақсарту мақсатында қолға алынып, балаларға көкөністердің пайдасы, ағзаға қажетті екенін түсінуіне де көмектеседі. Бағдарламаға қатысқан балалар өздерінің ас ішу талғамдарына мән беруді меңгеріп, пайдалы тағамдар тұтынуды үйренді. Сонымен қатар, көкөністерді тұрақты түрде ас мәзіріне қосуға дағдыланды.

Аталмыш жоба Алматыда пилоттық режимде 2023 жылдың қараша айында басталып, сол жолы қаланың сегіз мектебінен 1200 бала қатысты. Бағдарламаның алдында және аяқталғаннан кейін ата-аналар мен оқушылар арасында сауалнама жүргізіліп, басым бөлігі дұрыс тамақтануға деген көзқарастарының оң өзгергенін атап өтті. Қолданыла бастаған бастама баянды болды деген осы болар.

**Рая ЕСКЕНДІР.**

ҰЛТТЫҚ ҰЛАН

# ЕГІЗДЕРДЕН ҚҰРАЛҒАН ӘСКЕРИ БӨЛІМ

***Алматыдағы ҚР ІІМ Ұлттық ұланының 5571 әскери бөлімінде қазір бес жүп егіз сарбаз қызмет етіп жүр. Еліміздің әр түкпірінен әскерге шақырылған олардың сырт келбеттері ұқсас болғанымен, әрқайсысының мінезі, қызығушылығы мен өмірлік мақсаты әртүрлі.***



АҚТӨБЕЛІК Аман мен Есен Байдуллаевтардың жасы 19-да. Екеуінің арасы небәрі тоғыз минут. Әскери ортаға тез бейімделген бауырлар қызмет барысында өздерін жақсы қырынан таныта білді. Дәлірек айтсақ, жауынгерлік қызмет кезінде есірткі заттарын тасымалдаған азаматты ұстау операциясына қатысқан.

ҚЫЗЫЛОРДАДАН шақырылған Нұртөре мен Жантөре Нұрылданың жасы 20-да. Отбасындағы кенже ұлдар білім жолында екі түрлі мамандықты таңдаған. Нұртөре дене шынықтыру пәнінің мұғалімі мамандығын меңгерсе, Жантөре фельдшер дипломын алған. Қазір екеуі де әскери міндетін бір бөлімде атқарып жүр.

ТҮРКІСТАНДЫҚ Аман мен Есен Сапаралылардың өнерге деген ықыласы ерекше. Олар халық әндері мен термелерді орындағанды ұнатады. Бұл өнерге деген сүйіспеншілік әкелерінен дарыған. Айтпақшы, бұл ұландықтардың әкесінің де егіз інілері бар екен. Аман мен Есен 18 жасқа толған күннің ертеңінде-ақ әскерге аттанып, азаматтық борышын өтеуге бел буған.

ТАРАЗДЫҚ Нұрасыл мен Ерасыл Иашовтар мектепті тәмамдаған соң көп ұзамай, Отан алдындағы борышын өтеуге аттанған. Қазір екеуі де 19 жаста. Қызмет барысында олар алматылық полиция қызметкерлерімен бірлесіп, құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстарына қатысады. Қоғамдық тәртіпті сақтауға да өз үлестерін қосып жүр. Бұған қоса, бауырлар «Сарбаз 2.0» білім беру бағдарламасына қатысуға өтініш беріп үлгерген. Бұл жоба мерзімді әскери қызметін өтеп жүрген жастарға тегін білім алуға жол ашады.

КЕНТАУЛЫҚ Алмас пен Олжас Әбдуәлиевтер де 19 жаста. Әскерге дейін олар Шымкенттегі «Мирас» университетінде «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» мамандығы бойынша білім алған. Алдағы уақытта ұстаздық жолды жалғастырып, мектеп оқушыларына әскери істің қыр-сырын үйретуді көздейді. Бір қызығы, Алмас пен Олжастың отбасында тағы бір жұп егіз бар.

Бір әскери бөлімде қатар қызмет ету он сарбаз үшін ерекше тәжірибеге айналды. Олар әскери өмірдің қиындықтары мен қызықтарын бірге өткеріп, бір-біріне сүйеніш болып жүр. Әрқайсысы өз міндетіне жауапкершілікпен қарап, құқықтық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге үлес қосуда. Ал әскери орта олардың өз бетінше шыңдалып, болашаққа нық қадам жасауына мүмкіндік беріп отыр.

Айта кетейік, жыл басынан бері Ұлттық ұланның әскери қызметшілері қоғамдық тәртіп сақтау бойынша 2,3 мыңнан астам тапсырманы орындады. Патрульдік-бекеттік қызмет барысында 13 мыңнан астам құқық бұзушы ішкі істер органдарына жеткізілді. Олардың 300-і қылмыс жасады деген күдікпен ұсталды.

Бұл бағыттағы қызметке Ұлттық ұланның он мыңға жуық әскери қызметшісі жұмылдырылған. Күн сайын еліміздің 21 қаласында 7 мыңнан астам ұландық қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етіп жүр.

**Нұржамал ӘЛІШ.**

«АДАЛ АЗАМАТ»



# Офицер ерлігі

***Мегаполистегі №210 мектеп-лицейінің оқушылары ҚР ІІМ Ұлттық ұланы офицерлерімен «ерлік сабағында» кездесті. «Ерлік пен елдік – ұрпаққа аманат» атты жүздесуде жастарға әскери борышқа адалдық, заңды құрметтеу және қиын сәтте көмекке келуге дайын болудың маңызы айтылды.***

Ұлттық ұлан әскери қызметшілерінің сын сағатта табандылық пен батылдық танытып, Отан алдындағы борышына адал болған нақты оқиғаларына ерекше назар аударылды. Ұлттық ұлан Бас қолбасшысының кеңесшісі майор Әлібек Әбділов елге қызмет ету өз ісіне адалдық пен жауапкершіліктен басталатынын атап өтті.

*– Мектеп қабырғасында мінез бен жауапкершілік қалыптасады. Қандай мамандық таңдасаңдар да, бастысы – өз ісіңді адал атқарып, елге пайдаңды тигізу. Білім алудан жалықпаңдар, қиындықтардан қорықпаңдар және алдарыңа үлкен мақсаттар қойыңдар,* – деді майор Әлібек Әбділов.

«Ерлік сабағында» майор Жандос Баянбаевтың қызмет барысында көрсеткен батылдығы мен жанқиярлығы сөз болды. Оның қарулы қылмыскердің шабуылына тойтарыс беріп, ауыр жарақат алғанына қарамастан қызметтік міндетін орындауы әскери борышқа адалдықтың айқын үлгісі ретінде айтылды. Бұл ерлігі үшін офицер ІІІ дәрежелі «Айбын» орденімен марапатталды.

Қоғамдық тәртіпті сақтау, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және әскери антқа адал болу – Ұлттық ұлан қызметінің негізгі бағыттары. Әскери қызметшілердің батыл әрекеттері мемлекеттің қауіпсіздік жүйесін нығайтуға үлес қосады. Ал Отан қорғаушылардың ерлігін дәріптеу жас өрендердің бойында отансүйгіштік пен азаматтық жауапкершілікті қалыптастыруға ықпал етеді.

Кездесу Ұлттық ұланның Үлгілі көрсетімді оркестрінің музыкалық бағдарламасымен және Құрмет қарауылы ротасы әскери қызметшілерінің саптық дефилесімен аяқталды. Оқушылар әскери дәстүрлермен танысып, ұландықтар қызметінің ел қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі маңызы туралы мағлұмат алды.

**Нұржамал ЖҰМАҒАЛИҚЫЗЫ.**

ӘСКЕРИ БОРЫШ

# Заманауи шекарашы сарбаз



***Ел тыныштығын күзетіп жүрген сарбаздар туралы сөз қозғағанда, көпшіліктің көз алдына әскери тәртіпке бағынған, бұйрықты бұлжытпай орындайтын жас жігіттің бейнесі келері айқын. Дегенмен, бүгінгі армияға келіп жатқан буын бұрынғыдан өзгеше. Олар цифрлық технологиямен бірге өскен, бірнеше тіл меңгерген, жұмыс істеген, дүниетанымы мен өмірге деген көзқарасы өзгерген заманауи жастар. Бұған Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Алматы іргесіндегі Ақжардағы техникалық және кәсіби даярлық бөлімінде болғанымызда көз жеткіздік.***

Дәл қазір мұнда жас сарбаздар әскери өмірдің алғашқы баспалдағынан өтіп жатыр. Онда еліміздің әр өңірінен келген жастар да бар. Әскердегі өмір туралы сарапшылар соңғы жылдары интеллектуалдық әлеуетке қойылатын талаптың күшейгенін айтады. Қазіргі әскери қызметкердің тек физикалық тұрғыдан дайын болуы жеткіліксіз. Олардың ақпаратпен жұмыс істей алғаны, технологияларды меңгеруі, шет тілдерін білуі және күрделі жағдайда шешім қабылдай алуы аудай қажет.

Алматы іргесіндегі Ақжарда азаматтық борышын өтеп жатқан қатардағы жауынгер Дінмұхаммед Шәйлін жаңа буын өкілдерінің бірі. Ол Жамбыл облысының Жуалы ауданында дүниеге келіп, кейін Астана қаласында білім алады. Сосын Астана халықаралық университетін тәмамдап, АҚШ-тың Аляска штатында бірнеше жыл жұмыс та істеп үлгерді. Талапты жас Дінмұхаммед орыс, ағылшын және түрік тілдерінде еркін сөйлейді. Француз және араб тілдеріндегі әдебиеттерді оқып, аударармаға да қабілетті. Қазіргі кезде көне түркі тілін зерттеумен айналысып жүр.

*«Көктемгі шақыру басталған кезде шекара қызметін өзім таңдадым. Өйткені, жауапкершілігі жоғары қызмет. Мемлекеттік шекара дегеніңіз – мемлекеттіліктің негізгі белгілерінің бірі. Сондықтан шекарашы болуды мәртебелі міндет деп есептеймін,* – дейді жас сарбаз.

Айтпақшы, Дінмұхаммедтің әскери қызметті таңдауының тағы бір себебі бар көрінеді. Оның айтуынша, арғы атасы Құрманбек Мархабаев Ұлы Отан соғысына қатысып, Бауыржан Момышұлымен бірге майданға аттанғандардың қатарында болған.

*– Бауыржан Момышұлының өмір жолы мен шығармалары маған әрдайым үлгі болды. Намыс, тәртіп, жауапкершілік секілді қасиеттерді сол кісінің еңбектерінен үйрендім,* – дейді ол.

Таңғы сап, дене дайындығы, саптық дайындық, жарғы талаптары, қарумен жұмыс істеу, психологиялық бейімделу... Мұның бәрі жас сарбаз үшін үлкен мектеп. Әсіресе, үйден алғаш рет ұзап шыққан жастар үшін бұл кезең оңай емес. Дегенмен, әскери мамандардың айтуынша, дәл осы орта жауапкершілік пен тәртіпті қалыптастырады. Бүгінде Ақжардағы бөлім жастар үшін әскери ұжым, өзара қолдау және ортақ мақсат тоғысқан маңызды орынға айналып отыр. Сондықтан шекарашы тек қару ұстайтын маман ғана емес. Ол құқықтық сауатты, технологияны меңгерген, бірнеше тілде сөйлей алатын, халықаралық ахуалды түсінетін азамат болуы қажет. Шекара қызметінің мамандары да қазіргі жастардың осы талаптарға бейім екенін айтады.

Жоғары білім алған, шетел көрген, жаңа технологияларды еркін пайдаланатын буынның әскер қатарына келуі ұлттық қауіпсіздік жүйесі үшін де маңызды. Міне, Ақжардағы даярлық бөлімінде кездескен жастарға қарап-ақ қазіргі қазақстандық армияның бейнесі өзгеріп келе жатқанын аңғаруға болады. Ал олардың бойындағы білім, тәртіп пен патриоттық рух Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін маңызды күшке айналары сөзсіз. Өйткені, шекара шебінде тұрған сарбаз тек әскери қызметші ғана емес, мемлекет сенім артқан адал азамат.

**Рая ЕСКЕНДІР.**

# ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

**Құрметті оқырмандар!**

2027 жылға баспасөзге жазылу науқаны жүріп жатыр. «Almaty aqshamy» газетінің редакциясы газеттің тұрақты жазылушыларын, сондай-ақ жаңа жазылушыларды жыл сайынғы «Жазыл да, ұтып ал!» редакциялық конкурсына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ұтысқа түседі!

**Байқауға қалай қатысуға болады?**

2027 жылға «Almaty aqshamy» газетіне бір жыл бойына жазылу қажет!

2026 жылдың 25 желтоқсанына дейін жазылу түбіртегінің көшірмесін конвертке «Жазыл да, ұтып ал!» белгісін қойып, редакцияға жолдау керек немесе жазылу түбіртегінің суретін мына WhatsApp-нөміріне 8 707 948 73 78 немесе almatyaqparat@gmail.com электронды мекенжайына жолдау қажет.

**Редакция мекенжайы:** 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 100 (Сейфуллин көшесінің бұрышы).

**Ескерту! Міндетті түрде өзінің аты-жөні, мекенжайы, ұялы байланыс немесе қалалық телефоны жазылу керек.**

**Қай жерде жазылуға болады?**

Барлық почта бөлімшелерінде «Қазпочта» АҚ, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС жазылуға болады.

**Сондай-ақ, онлайн Qazpost.kz қосымшасы арқылы да жазылуға болады.**

**Қызмет тәулік бойы, 24/7 жұмыс істейді.**




## 2027 ЖЫЛҒА БІР ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

**Жеке жазылушылар үшін (жазылу индексі 65503) – 10499,64 теңге.**
**Жеңілдікпен ҰОС қатысушылар, зейнеткерлер, мүгедектер мен көпбалалы аналар үшін (жазылу индексі 95503) – 7859,64 теңге.**

**Тек бір жылға жазылған жазылушылар қатысады!**

Ұтыс ойынын өткізу бойынша қосымша хабарлаймыз. Ұтыс ойыны «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз байқаушылардың қатысуымен өтеді. Ұтыс ойыны жеңімпаздарының аты-жөндері таяу арадағы газет нөмірінде жарияланатын болады.

**Құрметті жазылушылар, сәттілік тілейміз!**

**Анықтама бойынша: 8 (727) 248-49-55, 8 707 948 73 78.**

# ГАЗ ЖӘНЕ ОНЫ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

**Газ тұтыну жабдықтарын пайдалану кезінде газдан ажырату автоматикасымен табиғи және тұншықтыру газдың шығуын сезетін сигнал берушілерді орнатыңыздар.**



ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ:
- пешті пайдалануға балаларды және өз ісіне жауап бере алмайтын, пешті пайдалану ережелерін білмейтін өзге адамдарды жақындатуға
- пеш қондырғыларына өз еркімен өзгеріс енгізуге және жөндеуге
- бекіткіштің ішінтірегін клапан батырмасына күштеп тартуға, себебі бұл қауіпсіздік автоматикасын істен шығарып, қайғылы оқиғаларға себеп болады
- газ плиталарын үйді жылыту үшін қолдануға
- желкөз және желдеткіш каналдар жабық тұрған кезде, қаланған кірпіштердің тұтастығы бұзылғанда, сылақ жарылғанда және мұржадан түтін тартпағанда пештерді пайдалануға
- газ жабдықтары орнатылған бөлмелерде ұйықтауға және демалуға
- жанарғыны өз еркімен бұзып, қайта орнатуға
- қолдан жасалған пештерді өз күшімен орнатуға, пайдалануға

**ЕСТЕН ШЫҒАРМАҢЫЗДАР!**

Жарылыс немесе өртке себеп болған газ жабдықтарын пайдаланудың қауіпсіздік ережелерін сақтамау іс барысындағы заң бойынша жауапкершілікке тартуға негіз болады!

ПӘТЕРДЕ ГАЗ ИІСІ СЕЗІЛСЕ:
1. Жедел түрде барлық газ крандарын жабу керек.
2. Бөлмені желдету керек.
3. Ашық отты, электр құралдарын пайдалануға тыйым салынады.
4. 104 телефоны бойынша апат қызметін шақыру керек.

**ТҰНШЫҚТЫРҒЫШ ГАЗБЕН УЛАНУ БЕЛГІЛЕРІ (СО көлемі)**

**0,08%** Жеңіл
Бас ауру, тұншығу, бас айналу, кеуденің ауруы, құрғақ жөтел, жүректің айнуы, құсу, түрлі елестер, қан қысымының көтерілуі

**0,32% дейін** Орташа
Қозғалудың қиындауы, естен тану

**1,2% жоғары** Ауыр
Ауа жұтқаннан кейін естен тану, сіңірдің тартылуы, тыныс алудың бұзылуы (адам 3 минутқа жетпей көз жұмады)

- Дәрігер шақыру.
- Дәрігер келгенге дейін: жеңіл уланған жағдайда мүсәтір спиртін ішкетіп, кофе немесе қызыл шай ішкізу керек.
- Уланған жағдайда далаға шығару керек. Еркін тыныстауға кедергі келтіретін киімді шешіп, жайлы жерге жатқызу керек. Қажет болса қолдан дем алдыру қажет.

АЛҒАШҚЫ КӨМЕК

ГАЗ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТЕЛЕФОНЫ 104

QAZAQGAZ

## Атқарушылық іс жүргізуді қозғау кездегі өндіріп алушы мен борышкердің құқықтары мен міндеттері

Сот шешімінің орындалуы – сот төрелігінің түпкілікті нәтижесін қамтамасыз ететін маңызды кезең. Осыған байланысты атқарушылық іс жүргізудің заң талаптарына сәйкес басталуы және жүзеге асырылуы азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауда ерекше маңызға ие.

Қазақстан Республикасының «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңына сәйкес, атқарушылық құжат сот орындаушысына келіп түскеннен кейін заңда белгіленген тәртіппен атқарушылық іс жүргізу қозғалады. Бұл ретте сот орындаушысы атқарушылық құжаттың заң талаптарына сәйкестігін тексеріп, іс жүргізуді қозғау туралы қаулы шығаруға және оның көшірмесін тараптарға жолдауға міндетті.

Атқарушылық іс жүргізу қозғалған кезде, өндіріп алушы мен борышкер атқарушылық іс жүргізу материалдарымен танысуға, құжаттардың көшірмелерін алуға, өтінішхаттар беруге, түсініктемелер ұсынуға, қарсылық білдіруге, сондай-ақ сот орындаушысының қаулыларына, әрекеттері мен әрекетсіздігіне заңда белгіленген тәртіппен шағым жасауға құқылы.

Бұдан бөлек, тараптар өздерінің құқықтары мен заңды мүдделеріне қатысты қабылданған шешімдер туралы хабардар болуға және атқарушылық әрекеттерге қатысуға құқылы.

Борышкер сот орындаушысының заңды талаптарын орындауға, берешекті өтеуге, мүлкі мен кірістері туралы дұрыс мәлімет беруге және атқарушылық әрекеттерге кедергі келтірмеуге міндетті.

Өндіріп алушы өз кезегінде атқарушылық құжаттың орындалуына қажетті мәліметтер мен құжаттарды ұсынуға, мекенжайы немесе байланыс деректері өзгерген жағдайда бұл туралы хабарлауға тиіс.

Тәжірибеде атқарушылық іс жүргізу барысында бірқатар кемшіліктер туындауы ықтимал. Атап айтқанда: борышкерге атқарушылық іс жүргізудің қозғалғаны туралы тиісті хабарламау; іс жүргізуді заңда көзделген негіздерсіз қозғау немесе мерзімдерді бұзу; борышкердің берешекті толық өтегеніне қарамастан шектеулерді уақытылы алып тастамау; өндірілген ақша қаражатын өндіріп алушыға немесе тиісті бюджетке заңда белгіленген мерзімде аудармау; борышкердің мүлкіне негізсіз тыйым салу немесе оның құқықтарын заңсыз шектеу; тараптардың өтінішхаттары мен шағымдарын уақытылы қарамау; борышкердің мүліктік жағдайын анықтау бойынша қажетті атқарушылық әрекеттерді қабылдамау; атқарушылық іс жүргізуді тоқтата тұру, тоқтату немесе аяқтау кезінде заң талаптарын сақтамау.

Мұндай әрекеттер азаматтардың құқықтарының бұзылуына, негізсіз қаржылық шығындарға және атқарушылық құжаттардың орындалу мерзімдерінің созылуына әкеп соғуы мүмкін.

Осыған байланысты азаматтарға атқарушылық іс жүргізу туралы хабарламаларды назардан тыс қалдырмай, іс материалдарымен танысуға, берешек сомасын тексеруге және заңсыз әрекеттер анықталған жағдайда сот орындаушысына немесе уәкілетті органдарға жүгінуге кеңес беріледі.

Атқарушылық іс жүргізудің заңдылығы тек сот орындаушысының міндеті ғана емес, оған қатысушы тараптардың да өз құқықтары мен міндеттерін тиісінше орындауына байланысты.

Заң мен тәртіп – әрбір азаматтың құқығын қорғаудан және заң талаптарын мүлтіксіз сақтаудан басталады.

**Қазақстан Республикасы Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті.**

**#заң_және_тәртіп**
**#закон_и_порядок**

## ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА – тәуелсіздігіміздің экономикалық тірегі

15 қараша – Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасы күні және қаржы саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекесі.

Тәуелсіз елдің ең басты нышандарының бірі – оның ұлттық валютасы. Өзінің мемлекеттік шекарасы, Әнұраны, Елтаңбасы мен Туы бар Қазақстан үшін төл теңгенің айналымға енуі егемендіктің нығаюындағы тарихи маңызды қадам болды.

1993 жылғы 15 қарашада Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңге айналымға енгізілді. Бұл күн еліміздің экономикалық тәуелсіздігін айқындаған айтулы тарихи оқиға ретінде ел жадында сақталды. Теңгенің дүниеге келуі жас мемлекеттің өз қаржы-несие саясатын қалыптастыруына, экономикалық дербестігін нығайтуына жол ашты.

Ұлттық валюта – жәй ғана төлем құралы емес. Ол – ел экономикасының тұрақтылығының, мемлекеттің дербес қаржы саясатының және халықтың әл-ауқатының маңызды көрсеткіші. Теңге арқылы еліміздің экономикалық тарихы, ұлттық болмысы мен мәдени құндылықтары да көрініс тапты. Банкноттардағы тарихи тұлғалар мен ұлттық нақыштар халқымыздың бай мұрасын айшықтайды.

Бүгінде Қазақстанның қаржы жүйесі заман талабына сай дамып келеді. Банк секторы, сақтандыру ұйымдары, қаржы институттары мен төлем жүйелері халыққа және кәсіпкерлерге қызмет көрсетуде. Цифрлық технологиялардың енгізілуі қаржылық қызметтердің қолжетімділігін арттырып, төлем жасау мен ақша аударудың жаңа мүмкіндіктерін қалыптастырды. Сонымен қатар, қазіргі қоғамда қаржылық сауаттылықтың орны айрықша. Әрбір азамат табысын дұрыс жоспарлап, жинақ қалыптастырып, қаржылық шешімдерді сауатты қабылдай білуі қажет

Бұл жетістіктердің барлығы – қаржы саласы мамандарының, оның ішінде қазынашылық органдары қызметкерлерінің еңбегінің нәтижесі. Қазынашылық жүйесі мемлекеттік бюджеттің орындалуын қамтамасыз етуде, қаржы ағындарын тиімді басқаруда, бюджет қаражатының мақсатты әрі ашық жұмсалуын бақылауда маңызды рөл атқарады. Олардың жауапкершілігі мен кәсібилігі қаржы тәртібін нығайтуда, қаражатты тиімді басқаруда және экономикалық өсімді қамтамасыз етуде ерекше маңызға ие.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік қазынашылық комитетінің Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік қазынашылық департаменті мемлекет қаржысының тұрақтылығын қамтамасыз ету ісіне зор үлес қосып келеді. Департамент қызметкерлеріне бюджет қаражатының тиімді жұмсалуына бақылау жасау, қаржы процестерін жетілдіру және мемлекеттік міндеттемелердің уақытылы орындалуын қамтамасыз ету секілді жауапты міндеттер жүктелген. Қазынашылық мамандарының кәсібилігі, жауапкершілігі мен адалдығы – мемлекеттік қаржы жүйесінің сенімділігінің кепілі. Олардың күнделікті еңбегі ел экономикасының тұрақтылығын арттыруға, қоғам мен серіктестердің мемлекеттік институттарға деген сенімін нығайтуға бағытталған.

Осы мерейлі күні Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік қазынашылық департаменті барлық әріптестер мен ардагерлерді, жас мамандарды кәсіби мерекемен шын жүректен құттықтайды! Баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, кәсіби табыс және жаңа жетістіктер тілейміз. Ұлттық валютамыз – теңге еліміздің тәуелсіздігі мен өркендеуінің айқын белгісі бола берсін, ал қаржы саласы қызметкерлерінің еңбегі – Қазақстанның экономикалық қуатының берік негізіне айналсын!

**Б.Т.БАЙМУСАЕВА,**
**Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік қазынашылық департаменті қаржылық қамтамасыз ету бөлімінің бас маманы.**

ALMATY AQPARAT

Бас директордың міндетін уақытша атқарушы
**Абдухалил ЖАЛИЛОВ**
тел.: 248-64-04.

**Қабылдау бөлмесі:**
тел.: 248-60-08.

E-mail:
**almatyaqparat@gmail.com**

Бас редактор –
**Есхат БОЖАН**

Жауапты хатшы –
**Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

Ақпараттық-талдау бөлімінің редакторы –
**Рая ЕСКЕНДІР**

Саясат және экономика бөлімінің редакторы –
**Нұржамал ӘЛІШ**

Цифрлық инфрақұрылым және кері байланыс бөлімінің редакторы –
**Гүлжанат СЕМБАЕВА**

Коммерциялық директор –
**Куаныш ДЮСКАЛИЕВ**
тел.: 248-49-55. E-mail:
**rekalmatyaqparat@gmail.com**

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
**rekalmatyaqparat@gmail.com**
тел.: 248-49-55.
8 707 948 73 78

**Шығармашылық даму жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
**Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ**

Кеңес мүшелері:
**Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,**
**Сейітқазы МАТАЕВ,**
**Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ**

**ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...**
**«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:**

**8 777 078 53 48,**
**8 747 204 19 70 (WhatsApp)**
**телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз**

ALMATY AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

**Меншік иесі:**
**«Almaty Aqparat» ЖШС.**
E-mail:
**almatyaqparat@gmail.com**
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады.**
**Нөмірдің таралымы – 10 360 дана (жұма)**

**Кезекші редактор –**
**Рая ЕСКЕНДІР**

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№ KZ51VPY00150334
куәлігі 26.05.2026 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында терілiп, беттелді.
Суреттердің сапасына редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.
Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В.
Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

**«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.**

ТУРИЗМ

# ЖОЛБАСТАУШЫ Jerry



***Тереңқұр серуен аймағында кетіп бара жатып, бір топ адамның әлдебір құрылғының алдында аялдап тұрғанын байқадық. Арасында жастар да, жасы үлкендер де бар. Бәрінің назары алақандай экранға ауған. Бұл – Алматы көшелерінде пайда болған Jerry интерактивті смарт-тақтасы екен.***

### Цифрлы Алматы

Алғаш қарағанда қарапайым ақпараттық тақта секілді көрінгенімен, оның мүмкіндігі әлдеқайда кең. Қала тұрғындары мен туристерге арналған бұл құрылғы Алматыны өз бетінше танып-білуге, қажетті бағытты таңдауға және шаһардың тарихына үңілуге мүмкіндік береді.

Жобаның атауы – Jerry. Оны қазақстандық CITIX компаниясы Visit Almaty ұйымымен бірлесіп жүзеге асырған. Қазір Алматыда 31 интерактивті тақта жұмыс істеп тұр. Алдағы уақытта тағы төрт құрылғы орнату жоспарланған. Смарт-тақталар Тереңқұрда, Республика сарайының маңында, 28 гвардияшы-панфиловшылар саябағында, Панфилов және Төле би көшелерінде, Есентай мен Кіші Алматы өзендерінің жағалауларында, метро бекеттерінің жанында, Орталық әмбебап дүкені мен Орталық мемлекеттік музей маңында орналасқан. Яғни құрылғылар қала тұрғындары мен қонақтары жиі баратын қоғамдық және туристік орындарды қамтиды.

Jerry жүйесінің басты ерекшелігі – пайдаланушының орналасқан жерін ескеріп, қажетті нысанға дейінгі бағытты көрсетуі. Мәселен, турист жақын маңдағы музейді, дәмхананы, дәріхананы немесе қоғамдық көлік аялдамасын іздесе, құрылғы оған дейінгі қашықтық пен жол жүру уақытын ұсынады. Сонымен қатар, туристерге арналған дайын серуен бағыттары мен көрікті орындардың тізімі бар. Қалада өтетін концерттер, спектакльдер, көрмелер мен фестивальдер туралы да ақпарат алуға болады. Таңдалған бағытты QR-код арқылы смартфонға жіберіп, әрі қарай телефоннан қарауға мүмкіндік қарастырылған.

Сервистің тағы бір артықшылығы – үш тілде жұмыс істейді. Қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі ақпарат шетелдік қонақтарға да қолайлы. Ең бастысы, құрылғыны пайдалану тегін, арнайы қосымша жүктеудің немесе тіркелудің қажеті жоқ.



### Кеше және бүгін

Жобаның назар аударуға тұрарлық тағы бір бөлігі – «Алма-Ата кеше, Алматы бүгін» атты тарихи бөлім. CITIX компаниясы Qalam Media-мен бірлесіп әзірлеген бұл жоба арқылы қаланың архивтік фотосуреттерін қазіргі көрінісімен салыстыруға болады.

Бүгінде күн сайын жанынан өтіп жүрген ғимараттардың немесе көшелердің бірнеше онжылдық бұрын қандай болғанын көру көпшілікке қызық екені анық. Бұрынғы фотосуреттер мен қазіргі көріністерді салыстыру арқылы қаланың қалай өзгергенін байқауға болады.

Бұл – тарихты тек кітаптан немесе музейден емес, күнделікті жүріп-тұрған ортаңнан танудың бір жолы. Әсіресе, Алматының ескі келбеті мен бүгінгі сәулеттік өзгерістеріне қызығатындар үшін мұндай мүмкіндік пайдалы. Турист те қаланың әсем орындарын суретке түсіріп қана қоймай, олардың тарихымен таныса алады.

Смарт-тақтаны пайдаланып көріп жатқандар арасында бірнеше адамның пікірін білдік. Солардың бірі – «Нархоз» университетінің 3-курс студенті Арайлым.

«Өзім шетелге бірнеше рет шыққандықтан, туристер үшін мұндай қызметтердің қаншалықты маңызды екенін жақсы түсінемін. Алғаш рет шетелге барғанымда, қажетті ақпаратты телефондағы түрлі қосымшалардан іздеу біраз қиындық тудырған еді. Бейтаныс қалаға келген адам ең алдымен көрікті жерлерді, қоғамдық көлік бағыттарын, қажетті мекенжайларды іздейді. Сондықтан осындай ақпараттың бір жерден табылғаны өте ыңғайлы. Әсіресе, бірнеше тілде ақпарат берілуі – үлкен артықшылық. Алматыға келген шетелдік қонақтар қаланы өз бетінше аралап, уақытын тиімді пайдалана алады», – дейді Арайлым замандасымыз.

### Сан мен сапа

Қалаға келген қонақ үшін көрікті орындардың көп болуы жеткіліксіз. Оларға сол жерлерді табу, қоғамдық көлікті пайдалану, бос уақытын жоспарлау және қажетті ақпаратты түсінікті тілде алу мүмкіндігі де қажет.

Алматы қаласы Туризм басқармасының басшысы Ғалия Тоқсейітова цифрлық сервистерді дамытудың маңызын атап өткен болатын.

«Біз үшін жоғары көрсеткіштерді сақтап қана қоймай, шаһар қонақтарына бұдан да қолайлы жағдай жасау маңызды. Туристер санының артуына байланысты заманауи туристік инфрақұрылым мен қолжетімді цифрлық сервистерді дамыту айрықша мәнге ие», – деген еді ол алқалы конференцияда.

Ресми деректерге сәйкес, былтыр Алматыға 2,5 миллионға жуық турист келген. Оның 754 мыңы – шетелдіктер. Ал биылғы алғашқы алты айда қала қонақүйлері 1,14 миллион адамға қызмет көрсеткен. Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, осы кезеңде қонақүй саласының кірісі 53,1 миллиард теңгеге жеткен.

Айтпақшы, Jerry жүйесінің мүмкіндіктері туристік навигациямен шектелмейді. Смарт-тақталардан ауа райы мен ауа сапасы туралы ақпарат алуға болады. Сонымен қатар, төтенше жағдай кезінде хабарласатын 102, 103 және 112 нөмірлері, құжат жоғалған жағдайда не істеу керектігі және медициналық көмек алу жолдары көрсетілген.

Алматы – табиғаты мен сәулеті, мәдениеті мен тарихы қатар өрілген қала. Оның әр көшесінде өзіне тән тарих, әрбір көрікті орнында өзіндік ерекшелік бар. Сол бай мұраны заманауи технология арқылы таныту – қаланың туристік келбетін қалыптастырудың бір жолы.

ЖҰМАНЫҢ ЖҮГІ

# «ЕРІП СӨЙЛЕГЕННЕН, БІЛІП СӨЙЛЕГЕН ЖӨН»

## Талқыға түскен туған күн нені аңғартты?

***Шығыс Қазақстан облысында жасөспірім қызын туған күнімен құттықтаған әкенің желіге тараған видеосы осы аптада әлеуметтік желіні шарлап, түрлі пабликтің ысанасына ілінген еді. Тіпті, тіпті, шетелдік желі қолданушыларына дейін талқыланған мәселе полицияның да назарын аудартқан болатын. Бірақ мәселенің байыбына бармай жатып, өре тұрып, ере сөйлеудің ерсілігі осы оқиғадан анық байқалды.***




Сурет: ЖИ

Оңтүстік Корея аудиториясына арналған flu.vo Instagram және Threads парақшасында да жарияланған бұл бірнеше секундтық бейнежазбада ер адам үйге қолына торт ұстай кіріп, қызын туған күнімен құттықтап, бетінен сүйеді. Кадрда ол қаршадай қыздың ернінен сүйгендей көрінеді. Міне, осы бір болмашы құбылыс әлеуметтік желіге желік бітірді.

Бірі мұндай жақындықты орынсыз деп бағаласа, енді бірі видеодағы бір сәтке қарап, отбасы туралы кесімді пікір айтуға болмайтынын жазуда. Қолданушылардың бір бөлігі баланың жеке шекарасы мен қауіпсіздігіне алаңдаушылық білдіріп, оқиғаны тексеру қажет екенін айтты. Тіпті, кейбірі ер адам қыздың туған әкесі емес, өгей әкесі болуы мүмкін деген болжам да таратты. Тағы бір топ қызбен психолог сөйлесуі керек деген пікір білдірді. Баланың психологиялық жағдайына қатысты қорытындыны да әлеуметтік желідегі видеоны көріп қана жасауға болмайды.

Желіде өрбіген талқылауға құқық қорғаушы Ләззат Рақышева да назар аударды. Ол кәмелетке толмаған баланың құқығы мен мүддесі бұзылмағанын анықтау үшін құзырлы органдарға өтініш жолдағанын мәлімдеді. Көп ұзамай, Шығыс Қазақстан облысының Полиция департаменті аталған деректің тіркелгенін хабарлады. Ведомство мәліметінше, қазір тексеру жүргізіліп жатыр. Оған білім басқармасы мен жергілікті атқарушы органның өкілдері де тартылған.

Қоғамдық талқыны күшейген соң қыздың ата-анасы да үн қатты. Әкесі әлеуметтік желіде жарияланған видеодағы әрекеттің жұрт түсінгендей болмағанын айтты. Оның сөзінше, ол қызының мұрнынан иіскеген. Ер адам қызының 12 жасқа толғанын, оның тұңғышы екенін айтып, сол сәтте толқып кеткенін жеткізді. Әкесі отбасы ештеңені жасырмайтынын және тексеру жұмыстарына қатысуға дайын екенін мәлімдеді. Сонымен қатар, әлеуметтік желіде өзіне қатысты айтылған ауыр айыптаулар мен отбасының суреттерін рұқсатсыз таратқан жарияланымдарға байланысты заңгермен кеңескенін, қажет болса сотқа жүгінетінін айтты.

Қыздың анасы да әлеуметтік желіде пікір білдіріп, таныстары мен жақындарынан отбасының атынан әр жазбаның астына түсініктеме жазып, ақталуға тырыспауды сұраған. Ол жағдайдың қалай өрбитінін тексеру аяқталған соң өзі айтатынын жеткізді. Осылайша бір видеодан басталған дау енді екі тараптың да ұстанымын тыңдауды қажет ететін жағдайға айналды. Бір жағында баланың қауіпсіздігіне алаңдаған жұрт болса, екінші жағында әрекеті өзгеше түсіндірілгенін айтып отырған отбасы бар.

Бұл оқиға әлеуметтік желіде пікір білдіру мәдениеті туралы да ойлануға мәжбүр етеді. Қазір кез келген адам телефонға түсірілген видеоны жариялап, санаулы минутта-ақ мыңдаған адамның талқысына айналып шыға келеді. Бір әкенің туған күндегі құттықтауы үлкен қоғамдық мәселеге айналды. Бірақ бұл оқиғаға қатысты соңғы сөзді әлеуметтік желідегі пікірлер емес, тексеру нәтижесі айтады. Ал қоғамның талабы – баланың құқығын қорғауды талап ете отырып, өзгенің ар-намысы мен жеке өміріне де құрметпен қарау.

**Бетті дайындаған**
**Аяжан СЕРІККЫЗЫ.**

ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ
€ EUR/KZT 495,37 теңге
$ USD/KZT 444,76 теңге
₽ RUB/KZT 5,37 теңге
¥ CNY/KZT 66,68 теңге